

на поз. 42414

Гюнер

1948 год

№ № 1-12.

П И О Н Е Р



ОБЯЗАТЕЛЬНО С 8 ФЕВРАЛЯ

Январь

1948 год



ПИОНЕР

№ 1

Қазақстан ЛКЖО Орталық
Комитетінің айына бір рет
шығатын балалар журналы

ЯНВАРЬ 1948 ЖЫЛ

Шығуына 10 жыл

Тақпақ өлең

ПАРТБИЛЕТ

С. СЕНТОВ

Тығыз бұйрық кеп қалды
Эн биігін алуға;
Оран өтіп, бүйірден
Жауға ойран салуға.
Түні бойы рота
Дайындалып, баптанып,
Таң сәріде жөнелді
Атакаға аттанып.
Екпіні қатты жігіттер
Ағылды алға умтыла;
Қатулана қабағы,
Қайраттанып күлшына,
Тыныққан Ильмень маңайы.
Шырт ұйқыда құба бел.
Желпиді беттен аймалап,
Манаурап ескен таңғы жел.
Міне биік. Ұрысқа
Белгі берді командир.
Солқ етті жота. Көк орман
Күңіреніп етті дір.
Жауынгер Тайыр Шайхиев
Түтеген оқтан тайынбай,
Бара жатты ең алда,
Биікке қарай адымдай.
Етегіне биіктің
Жете берген шағында,
Кетті ол құлап: қаңғыма оқ
Тиген екен жазымда.
Иді басын еңкейіп,
Кеудесін қолмен басты да,
Жығылды сол жақ бүйірмен.
Шынтағын ала астына.

Тамып жасыл жас шөпке,
Жылжып ақты жылы қан.
Талмау соқты тамыры,
Луырлап дене ұйыған.
Кезерген ерні жыбырлап,
Күбірледі ақырын:

— Құмалақтай қорғасып,
Ажалым ба едің, япырым?!
Жан-жағына көз сап ед:
Жатыр екен рота.
Жау дәсерсіп, атып тұр
Бұршақтайын бората.
Осыны көрген Тайырдың
Өн бойын қысты ашу, көк.
Қайнады іші қазандай,
Өзегін ыза кетті өртеп.
Партбилетін оқ тескен,
Төсқалтадан суырып,
Ту ғып көкке көтерді,
Орнынан тұра жүгіріп.
Алайда... Тағы құлады.
«Алға!» деді соңғы рет.
Партбилеті қолында
Есіл ер солай болды мерт.
Тартынбады жігіттер,
Жасымады, жасқанып.
Бекінген жауға биікте
Шапты ақыра қасқарып.
Қырмызы қызыл тудайып,
Көрініп ылғый алдында,
Бара жатты партбилет
Партортін қолында.




Жаңа жыл күнтіңы болсын, балалар!

ЖАҢА ЖЫЛ ҚОНАҒЫ

Хұрметтеп аяз атаны,
 Кел, ортаға алайық,
 Жаңа жыл жырын салайық,
 Бақытты елдің ұланы!
 Аңсап келген қонақтың
 Әнге қансын кұмары.
 Жаңа жылда жарқырап,
 Жансын өмір шырағы.
 Ал, балалар, барайық,
 Жаңа жыл жырын салайық!
 Таудан келген қонақты
 Табыспен қарсы алайық!
 Сырттан келген қонаққа
 Сыйлық алып барайық!
 Байғазы қып шашына,
 Меруерт, шолпы тағайық.
 Алтын айшық кигізіп,
 Асыл түйме тағайық.
 Өткен оқу олжасын
 Кел, ортаға салайық,
 Жаңа жылмен жарыса,
 Жақсы оқыйтын болайық!

Б. АДАМБАЕВ.





Аңшылық

И. ДЕБРИН

КРЕМЛЬДЕН ХАТ

1920 жылдың август айында Наумыч тосыннан бір хат алды. Ол кезде Нестерево деревнясына хат өте сирек келетін. Асығыс жазылған хаттың әрбір жолы бірнеше рет оқығаннан кейін, Наумыч әрі таңқалды, әрі қуанды. Бұл хатты оған Кремльде жұмыс істейтін бір жерлесі жазған еді. Хатты бірнеше рет аударыстырып оқыды да, қарындасы Татьянаға:

— Татьяна, Москвадан маған хат жазыпты. Нестеревоға астана аңшылары келгелі жатқан көрінеді. Аң аулауға қолайлы жер тауып қояды тапсырыпты. Станциядан елу шақырым жердегі Нестеревоға Москва аңшылары келеді деп кім ойлаған! — деді таңданып.

Хат Наумычты тыныш отырғызбады. Ол таң сәрімен тұрып, қос ауыз мылтығын асынып төрайға кетті. Наумыч тәжірибелі аңшы еді. Ол Москвалықтар риза болсын деген оймен аңның неғұрлым көп жерің тауып қайтты.

Ақырында бәрі де әзір болды. Аң аулайтын орын да, қонақтарды күтетін үй де дайындалыпты. Қонақтарды Татьяна күтетін болды.

КЕЗДЕСУ

Уәделі күн де жетті. Наумыч шыдамсызданып, қайта-қайта жол бойына шығып қараумен болды. Бірақ, жол бойында келе жатқан ешкім көрінбейді. Наумыч күткен қонақтарым келмей қала ма деп те ойлады.

Бұл август айының ыстық күндерінің бірі болатын. Түс ауып бара жатқан кез еді. Наумыч алыстан арбаның дауысын естіді. Жалма-жан жол бойына шығып қарап еді: алыста келе жатқан екі арбаны көрді.

— Солар, басқа ешкім де емес, — деп ойлады Наумыч. Ол қуанған бойы жолаушыларды қарсы алуға алдарынан шықты.

Төрт жолаушы бірінен соң бірі арбадан түсті. Олардың ішінен Наумыч өзіне хат жазған жерлесін бір дегеннен тынды. Ол көңілді дауыспен жодастарына:

— Міне, Наумыч деген осы кісі, — деп таныстырды.

Келгендердің бәрі де тәжірибелі аңшының хұрметпен қолып алып, өздерінің атын, фамилиясын айтып таныстырды.

Келгендердің бірі өзін Наумычке Владимир Иванович деп таныстырды. Оны Наумыч бір жерде көрген сияқты. Ол орта бойлы, нық денелі, тез қимылды,

қысқа қара мұрты бар, шоқша сақалды адам еді. Откір қара көздері оның аса қайырымды, кішіпейілді адам екенің сөздерін тұр. Оның үстінде көк көйлегі бар, белін жіңішке белбеумен буыныпты. Көйлектің бір жеңіне жамау жамалыпты. Аяғында жабайы етік, басында қарасұр кепкісі бар.

Амандасып танысқаннан кейін бұлардың бәрі де деревняға қарай жүрді. Жол бойы олар өзара әзілдесіп, үстіне қонған шаңды қарғып түсіріп келе жатты. Жерлесі Наумычке Владимир Ивановичты пұсқап:

— Мына кісі біздің бас аңшымыз, — деді.

Наумыч Владимир Ивановичтың басқалардан көрі ерекше адам екенін, оны басқалардың хұрмет көрестіп сыйлайтынын сезген еді.

Владимир Иванович аса қарашайым адам болып шықты. Деревняға жеткеннен Наумычтан: ден саулығы, тұрмысы, егіннің шығымы, аңшылық туралы көп нәрселерді сұрап та үлгірді.

Татьяна Трофимовна Трощепкова қонақтарды аса хұрметпен қарсы алып, үйге кіргізді.

Москвалықтар жуынын болғанша, Татьяна Трофимовна столға тағам әзірледі. Столдың үстіне самаурын да келді. Владимир Иванович Наумычты шақырып, стол жанынан бірінші болып орың алуды ұсынды.

Тамақ кезінде қызу әңгіме басталды. Әңгіме аң аулау болды. Владимир Иванович жодастарымен әзілдесіп отырды.

— Мен үшін, — деді ол, — басқасынан көрі орманда жүріп қыдырсам, аңды көрсем болғаны.

ҰМЫТЫЛМАЙТЫН БЕЙНЕ

Қонақтар тамақтанып отырған кезде Наумыч Владимир Ивановичке қайта-қайта қараумен болды. Ол Владимир Ивановичты қашан және қайда көргенін есіне түсіруге тырысты. Бішкене шоқша сақал... Кен жазық маңдай...

Наумыч бұл адаммен бұрын сөйлеспесе де, оны бір жерде көргеніне күмәнданбады. Бірақ, қашан, қайта көргенін есіне түсіре алмады.

Петроградта ма?.. И, дұрыс, Петроградта ол ең бірінші рет осы адамды көрген еді. Дәл осы адам!..

Наумыч өзінің бұл ойына сенерін де, сенбесін де білмеді. Ұзақ ойланды.

«Жоқ. Мен жаңылыш отыруым мүмкін» — деп ойлады ол. Бірақ, өмірінде кездестірген бір уақытқа оның есінен кетпеді. Ол 1917 жылдың көктемінде

Петроградта болған бір уақытқа еді. Наумыч ол кезде карауыл батальонында солдат болып қызмет істейтін. Бір демонстрация кезінде ол бір кішкене үйдің жанында тұрды. Үйдің балконына шығып Ленин халыққа жалынды сөз сөйлеген еді. Наумыч Лениннің әрі түсінікті, әрі жалынды сөзін аса көңіл қойып тыңдаған болатын және оның сөзін есінде сақтаған еді.

Москвадан келген мына аңшы сол Ленинге өте ұқсас. Даусы да Лениннің даусы сияқты.

Бірақ, Ленинді Владимир Иванович емес, Владимир Ильич деп атайтын еді...

«Маған не болған, есімнен айырылғаным ба» деп ойлады Наумыч.

Наумыч бір кезде орнынан тұрды да, ескі газеттер жатқан столға келді. Ол өзінің бір нәрсе іздегенін қонақтарға сездірместен, газеттерді тез ақтарып қарай бастады. Газеттердің бірінен өзіне таныс суретті кездестірді. Қуанғаннан қолдары дірілдеп те кетті. Наумыч өзінің іздеген суретін танып. Ол біресе газеттегі суретке, біресе Владимир Ивановичке қарайды. Ақырында: «Сол, Ленин, басқа ешкім де емес» деген қортыншыға келді.

Наумыч газеттерді орнына қойды да, еш нәрсені сезбеген адамша, орнына келіп отырды. Бұл кезде оның бойын қуаныш билеп, көңілденіп кетіп еді. Өзімен қатар отырған Владимир Ивановичке бұрынғы жәй дауыспен:

— Сіз шын Владимир Иванович болып аталасыз ба? Мен сізді жолдас Ленин рой деп ойлап едім, — деді.

Владимир Ильич көңілді дауыспен күлді де, Наумычтың ыйығына қолын асып:

— Сіз хателескен жоқсыз, Наумыч! Таныдыңыз, жақсы. Енді екінші рет таныстық, — деді.

Бұдан кейін Москвалық аңшылар өздерінің кім екендерін жасырмайтын болды. Олардың ішінде Лениннің ағасы — Дмитрий Ильич Ульянов та бар еді.

БЕЛЬСКИ ОРМАНЫ

Аңшылар ұзақ дем алған жоқ. Орындарынан тұрды да, Наумычтың бірге жүріп аң аулауға қолайлы жерді көрсетуін өтінді. Наумыч ризалығын білдірді. Ол енді Лениннен қалмауға бел байлады.

Олар бақшаның үстімен, бұзылған ескі жер үйлердің жаңымен, тоғайға қарай ұзап кетіп бара жатты, бастаушы Наумыч.

Алда көріңген сонау белден әрі асса болғаны, ну орман басталады.

Міне, тоғайға да жетті. Сол жақта Жасыл ара,



ал оң жақта жүздеген шақырымға созылған Бельскі тоғайы, Бұл тоғайда алуан түрлі ағаш бар.

— Аңшылыққа өте қолайлы жер емес пе, Владимир Ильич?! — деді Наумыч.

— Я, өте қолайлы, жақсы жер, — деді Владимир Ильич, — маған мұның кең қойнауы, жанға рахат тыныштығы ұнайды. Ең алдымен тыныштығы!

Наумыч қонақтарды аң аулайтын жерге ымырт жабыла алып келді.

— Осы жерде, — деді Наумыч, — аңның неше түрлісі бар.

— Сіз бұрын бұл жерден аң аулап па едіңіз? — деп сұрады Владимир Ильич.

— Жоқ, Владимир Ильич, бұл жерден аң аулауға бізге рұхсат етілмейтін, — деді Наумыч.

Аң аулайтын жерді көріп қонақтар деревняға қайтты.

ШІЛ

Ертеңіне ауарайы жақсы болды. Таң жаңа атты келе жатқан кезде аңшылар Бельскі орманына бет алды.

Владимир Ильичтің көңілі өте көтеріңкі еді. Ол жәйлап өлең айтып келе жатты. Аңшылар Жасыл араға келіп тоқтады.

— Осы өте қолайлы жер, — деп ойлады Владимир Ильич. Басқалары оны қостады. Бұлар шылым шегіп аз дем алды да, аң аулауға кірісті. Лениннің қасында Чайка атты тазысы бар еді. Ол бір нәрсенің иесін сезгендей, шыдамсызданып тыным танымайды.

Шыдамсызданып жан-жаққа жүгіріп жүрген Чайкадан үркіп бір тон шіл мыр етіп ұшып да, алыстағы бір ағашқа барып қонды. Оларды алыстан көру қиын еді. Бірақ, Наумыч ағаштың бұтарында қонып отыр-

ған бір топ шілді көрді. Ол Владимир Ильичті шақырды да, ағашта қонып отырған шілді нұсқады.

Ленин қанша көңіл қойып қарағанмен, шілдерді көре алмады. Ол басқа жақтан оралып барып қарауға ұйғарды. Бұл кезде шіл дыбысты сезіп, ұшып кетті.

Наумыч Лениннің мылтық атқанын көруге өте ыстық еді. Бірақ, Ленин:

— Наумыч, мен шілдерді көре алмай тұрмын. Жарайды, оқасы жоқ. Жүр алға кеттік, — деді.

Бұлар алға қарай біраз жер жүрді де, тағы тоқтады. Ағашта қонып отырған бір топ шілді енді Лениннің өзі көрді де, жалма-жан мылтығын оқталып екі рет атты. Екі шіл ағаштан құлап жерге түсті. Владимир Ильич жаралы шілді алуға Наумычтан бұрын келді.

— Сізге ауыр болар, мен алып жүрейін, — деді Наумыч хұрмет көрсетіп.

— Жоқ, неге, — деді Владимир Ильич, — мен өзім алып жүремін.

Аңшылар торыз шіл атып алды. Владимир Ильич өте риза болды.

Аңшылар ымырт жабыла үйге қайтты.

* * *

Владимир Ильичпен бірге аң аулағанын еске түсіріп әңгімелегенде Наумыч: — Владимир Ильичтен айырылу өте қыйып болды. Үш күннің ішінде өмір бойы бірге болған адамдай болып қалдым. Мүмкін ол, менің қоштасар кезде оның көзінен көзімді алмай ұзақ қарағанымды көңілім бұзылып, ойым толқығанын сөзген

болар. Қоштасар кезде не айтарымды білмей қысылдым. Тек Владимир Ильичтің бетіне жалтақтап қарай бердім. Владимир Ильич те маған ұзақ уақыт қарап тұрды. Оның жарқын жүзі, қайырымды көз жанарыменің әлі есімде. Қоштасып тұрып Владимир Ильич: «Москваға келгеніңде маған соқпай кетпе, келіп қонақ бол» деді, — дейді.

— Одан кейін Москваға бара алмадым, — дейді Наумыч. — Ильичті тағы бір көрудің реті болмай-ақ қойды. Владимир Ильичпен бірге аң аулаған жерге барған сайын аса қымбатты, асыл адамды есіме түсіремін. Ленин менің алдымда тұрған сыяқты, оның жарқын бейнесі көз алдымнан кетпейді. Міне, мен енді қартайдым, көп жүрсем аяғым ауырады. Бірақ, Ильичпен бірге аң аулаған жерге жиі барып тұрамын. Лениннің ізімен жүріп бәрін де еске түсіремін. Сол кезде көңілім де, жүрегім де жасарып, бойыма қуат біткендей болады. Бұл жерлер өмірі есімнен кетпейді.

* * *

Наумычке көп адамдар келіп тұрады. Олардың ішінде пионерлер де, жазушылар да, кинооператорлар да, аңшылар да бар. Олардың барлығы да Ленин туралы әңгіме айтуды өтінеді. Наумыч бұлардың бәріне де Владимир Ильичтің Нестеровода болған үш күннің шындығымен айтуға тырысады.

Наумыч өзінің есінде ұлы көсемнің тамаша қарапайым хасиеттерін жақсы сақтаран.

Аударған Ғалым ХАТЕЛОВ.

Ұ Л Ы А Д А М

(В. И. Ленин күніне)


Тұрмысы салтанатты нұр жайнаған,
Шаттықта еркін өсіп, той тойлаған,
Ұлы Отан — ұл, қызына алтын бесік,
Оқыған, еңбек еткен, шырда ойнаған.

Айбынды алып елміз берік қорған.
Өзен, көл, көңілді еркін, сәнді орман.
Жас ұлан жаңа талап пионерлер,
Ән салып, жүй шертеміз тамылжыған.

Кеше той, бүгін қызық ұлы мейрам,
Өсеміз еркіндікте салып сайран,
Құрыштай күннен күнге шынығамыз,
Қайрат, күш қаулап, жігер тасып бойдан.
Галстук мойнымызда, қолда қалам,
Күн нұры Кремльден шашыраған.
Апарар ісінді алға ұрпағыңыз,
Жеткізген бұл өмірге Ұлы адам.

Жұмағазы АХМЕТОВ
Алматы, 18 санды ер балалар мектебі.

ЛЕНИННИҢ ӨЛІМІ



К. АМАНЖОЛОВ.

Есімде жүгіргені жұрт егіле,
Қадалып қайғы — қанжар жүрегіне,
Аспанның асты кенет қарауытты,
Шыға алмай, құлағандай, күн көгіне

О, Ленин! Ле-нин! Ле-нин!!!

Дүние жым-жырт.

Кеудеде арпалысты бір долы бұлт.
Талықсып ыстық жаңбыр жауды көзден,
Жалын жүз, жеткендей күз, тартты сұрғылт.

Тым — тырыс.

Тұрды өмір ұйып қана.

Шыр етті бесіктегі бір жас бала.
Әр кім тұр өз сорынан көріп мұны,
Қайғылы

Ой қап-қара, көңіл жара!

Бір шеттен боздады күй ыңырана...
Булығып күйінеді күй бишара.
Дүние — дүние емес, болды зират.
Аузын ашты қабыр қушырлана...

О, жоқ, бұл мүмкін емес.

Тула, жүрек!

Ленин ол! Ленин! Ленин!!!

Ол тас түлек

Жүр ұшын қазір елдің аспанында,
Қараңдар,

Тұр ғой әне, күн күркіреп...

Ол соның екпіні ғой.

Тыңдаңдаршы.

Биікке тік көзінді, жарлы — жалшы,
Тұғырыңа қайта оралшы, қыранымыз!
Күй шіркін, қоя тұршы... ыңыранбашы!

Деген ой кеудемізде болып дауыл.
Шайқалып кетті толқып қала, ауыл.
Діңгегі дүниенің шарт сынғандай
Жаныштап бара жатты қаза ауыр.

Шыныққан сан айқаста болат қайрат,
Егілді қайғы отында балқып-қайнап,
Ел болып еңіредік,

кеудемізге

Бұлт жыйып,

қолымызға қара байлап.

Қаралы тулар тұрды ой жеңгендей,
Қарайды жалау шеті өртенгендей,
Лениннің қарай бердік келбетіне,
Бөбектей болдық аң-таң, жүрдік сенбей...

Темірді тесетіндей тамған жасы,
Сылқ етіп түсіп қолдан өр балғасы, —

Токтаған машинадай тұрды тынып
Жұмысшы, —

Төске құлап ауыр басы.

Күректің сабы енгендей жүрегіне,
Сүйеніп шаруа тұрды күрегіне,
Сақалын ағартардай аққан жасы,
Қонды кеп хасірет бұлты іреңіне.

Ананың ауыр жасы түсті аунап,
Хасірет қоламтасы қайта лаулап,
Партизан баласына қарай берді,
Бақытын әкеткендей біреу жаулап.

Зар жылап бүкіл дүние еңбекшісі,
Қазаға жанын тосты үлкен — кіші,
Нілінде хасірет шегіп тұрды негір,
Ерінге қатты батып күрек тісі.

«О, Ленин, Ле-нин... Ле-нин... Ленин едің»
Ойырай, сен үшін мен неге өлмедім?!»
Деп әркім аңырады.

Амал қанша.

Жыла, жер! Мұны көрдің — не көрмедің.

Хасірет мұхитына кеттік батып,
Кім бізді күн көзіне алар тартып?
Сталин шықты жәйлап трибунаға,
Қарадық шала — шарпы жас құрғатып.

Кім білген алып адам хасіретінің
Кәдімгі қайғы емес біз білетін —
Бір ұлы күйіншінің сұрапылы
Жүзінен лапылдапты іштегі өртің.

Сол өртте балқығандай шықты үні,
Сілкінді ойдың шыңы, жан түкпірі,
Кеудеден от қанатты ұшты сөздер,
Жұлдыздай қуалаған бірін — бірі.


Біз дел — сал бойымызды алдық жыйып,
Қайғыны жанымызға қойдық түйіп.
Тік тұрып тыңдадық біз Сталинді,
Бір терең тыныштықпен тұрдық ұйып.

Лениннің қарап ұлы тұлғасына,
Жыйып ап жер қайғысын бір басына —
Ант берді Ол айғақ етіп адамзатты,
Бөленіп қызыл тулар шұғласына,
Ант етті Ол.

Айтты Ленин кім екенін:

Талай жан көшкен тастап жер — мекенін,
Сол жерді аршып ескі қабығынан
Тек Ленин ашып кеткен Совет елін.

Ант етті Ол, айтып Ленин өсиетін:
Мынау ел біз жасаған, біз сүйетін —
Ойымыз, өміріміз бәріміздің,



Білейік, деді, соның хасиятія.

Ант етті Ол, қарап Ленин дидарына —
Күн бола тұрған қарап жер шарына:

Ант етті Ол, сөнбесін деп дәл осы күні,
Күн керек адамзаттың ұрпағына,
Ант етті Ол, болайық деп Лениндей біз,
Лениндей бола білсек — жеңілмейміз,
Ерекше жаралғанбыз Лениншілдер,
Біздің үні: — «Ленин, Ленин, Ленин» —
дейміз.

Ант етті Ол еңбекші әлем қарсы алдында,
Күн, тыңда, жылдар, тыңда, ғасыр тыңда!
Көз салып заманалар күмбезіне
Тұрды Ол, жер үстінде батыр тұлға.

Дарига, антын оның айнытпастан
Өлеңге сыйғыза алмай келем жастан,
Бар әлем әліппедей алған жатқа
Сол еді Ленин жайлы тұңғыш дастан.

Сол бір ант алып шықты тұңғыықтан,
Серпілдік, зілдей қайғы түсті ұйықтан,
«Ол тірі! Жаса, Ленин!» деп сілкіндік,
Кез еді кеудемізден жалын шыққан.

Нұрлы сөз «Ленин» деген құйылғанда —
Кеудеміз кетті жайнап.

Жер — жиһанға
Ленинше тіктік көзді.

Ойымызда
Құлпырды Ленин аты ұқсап таңға.

Ел болып сапқа тұрып, иін тіресіп,
Көл — көсір күй мұхитын кеттік кешіп,
Табыты төбемізде жүзді жайлап,
Ғажайып махаббаттың лебі есіп.

Сол күні еңбекші әлем шықты сыртқа,
Дүние тосты ұйығын сол табытқа,
Шалқалап жатты Ленин ел үстінде,
Көрініп бар тарихқа, бар халыққа.

Сталин жүрді біздің алдымызда,
Ол — Ленин боп көрінді ұл мен қызға,
Қабырға қыямыз ба Ленинді біз,
Мавзолей тұрды біздің бағымызға.

Өлген жоқ, жатыр Ленин ұйықтап қана, —
Жиһанның жүрегіндегі ұлы дана.
Жердегі барлық жолдың түйіні сол,
Құяды жұрт ағысы соған ғана.

Келешек ғасырлардың тың жолдары,
Күмән жоқ, сол торапқа соғар бәрі,
Күн маңдай көсемінің төңрегінде
Айналар, адамзатты ап, жердің шары.





Адам туралы аңыз

М. ТАУҰЛЫ
К. ЕЛЕМЕСОВ

«Адам — ардақты ат»
(М. Горький)

— Шіркін, мен ақын болсам, Адам жанын, адам жүрегін, адамның ұлылығын терең сезімді тербете жырлар едім, достым. Адам бойындағы ерлік пен езгілікті мадақтауға не жетеді.

— Біз сені үй салуды ғана үйренген қарапайым инженер ме десек, өзң үлкен романтик екенсің ғой, Бәкен. — деді құрылыс бастығы Петров, өткір қара көзімен алысты шолып, тотыққан қара торы бетінде қанатты ойдың елесі ойнаған жас инженерді арқаға қағып.

— Қалжың өз алдына, Николай Иванович. Көз салыңызшы төңрекке. Зәулім үй, сәулетті қала алақаныңыздың аясында тұрған жоқ па? Осыдан екі жыл бұрын сіз бен біз қайда кездесіп едік. Есіңіздеме, бірінші рет қол алысып төңрекке көз салғанда қаусаған қаланы, бұзылған үйлерді, жалын жалап кеткен құр қабырғаларды көрмең пе едік? Менің бір жолдасым: — біздің еліміз — ерлердің елі, әр күніміз — ұлы жорық деуші еді. Өмірдегі қарапайым адамдардың ерлік ісін көргенде, осы сөз есіме түседі. Біздің өмірдің әр минуты бір дастан сияқты. Мынау үйдің әр кірпішінде дауыстап айтылмаған терең сыр жатқандай көрінеді маған...

Николай Иванович досының сөзін сүйсіне тыңдаған қалпында, ушқыр қыял көңілді әлде қайда әкеткендей, айналаға көз тастап, жас қалаға сұқтана қарап, үңісіз тұрып қалды. Төбесі жаңа ғана жабылған бес қатар ақ үйдің жотасында тұрған бұл екеуінің көз алдында саусақтың саласындай тізілген зәулім үйлер бірімен бірі бой салыстырғандай болып көрінді. Трактор заводның түтіні будақтап ақша бұлтқа тоғысып жатты. Толықсып аққан Еділдің толқыны еркін жатқан ел өмірінің елесіндей еді.

Осыдан екі-ақ жыл бұрын мынау көшенің бойында адам аяқ алып жүрерлік ашық жер жоқ еді. Үй жанында үйілген жота жататын. Көше бойы бомба қазып кеткен есепсіз шыңрау болатын. Жау жапырылып, Қызыл Армия батысқа бет бұрғанда, ата мекен, қара орманды аңсап шығыстан қайтқан қаланың тұрғылықты халқы жер астын баспана өткен болатын. Олар кешке жер қойнына кіріп, таңертең бұзылған үйлердің әр қабырғасының астынан шығып жататын. Ол күндерде қата жоқ, аянышты сурет пен арпалысып жатқан адамдар ғана болатын.

Енді, міне, сәулетті қала тұр. Бұл екі жыл бойына күн-түн тынбай жұмсаған азаматтың алып еңбегінің жемісі. Осы екі жылдың ішінде талай білек сыналды, талай ақыл таразыға тартылды. Бәкен мен Николай Иванович көз айыра алмай тұрған көктемнің жасыл гүліне бөленген көшелер мен сымбатты зәулім үйлердің әр қайсысы халық қайратының бейнесі тәрізді.

Құрылыс басшылары Николай Иванович Петров пен

Бәкен Тәукеновтың бүгінгі қыял саяхатына шығуының басты себебі осы. Әдетте, олар жұмыстан тыс тақырыпта пікір алыспайтын, оған мұршалары да келмейтін. Жау жаралаған жарымжан қаланы емсек дәргердей мәпелеп қалпына келтіру — құрылыс жұмыстарын тез аяқтау, қаланы соғыстан бұрынғысынан да көркем ету, ол үшін қолдары бар мен бойдағы барды тек қана осыған жұмсау — соңғы екі жылда олардың ойын билеген арман желісі болатын. Осы ой, осы мақсат, осы арман өзге ойларға орын бермей, ығыстыра беретін. Ал, дәл бүгін өздері төбесінде тұрған үйдің құрылыс жұмысы мерзімінен екі ай бұрын аяқталып, жұмысшылар дем алысқа тараған. Булар үйдің кем — кетігін өз көздерімен ақырғы рет тексеріп шығуға келген еді. Мүлтіксіз шыққан әрі зәулім, әрі сымбатты үй олардың көңіл пердесін серпе тастап, сөйле, сырынды айт, қыялды шарқатат дегендей еді.

— Маған романтик, деп азан айтып, ат қойған едіңіз, өзіңізге жол болсыншы, Николай Иванович, әсем құрылысқа көз тұндыра қарап, ұшы — қыйыры жоқ телегей теңіз терең ойға шомдыңыз ғой. Сізді кім демекпіз? — деп, Бәкен мырс-мырс күлді.

Николай Иванович ойын сергітіп, бойын тежегендей болды да:

— Әсем зат адамның ойын уштап, қыялын тербетеді, деген емес пе еді Алексей Максимович Горький. Сол рас, ойды өрбітіп өрістететін де, сезімді сергітетін де шабытты шарықтататын да әсем өмір ғой, жігітім. Бойды билеген қуаныш сезімін бірер шумақ өленге сыйғызып қоңыр әуезбен айтып жүруге кім құмартпайды дейсін, деп Николай Иванович Бәкенді әжуалағандай жымыңдады.

— Сіз ойлаңызшы, қалай романтик болмассын, өмірдің өзі романтика емес пе? Біз алты кісі дәл осы үйді 1942 жылдың күзінде ұдайымен 34 күн қорғдық. Қабырғасын зеңбірек оғы жұлып кеткенде табалдырығынан жалғыз немісті аттатпадық. Енді міне сол үйдің орнына бес қатар зәулім сарайды өз қолымен тұрғызғанның бірімін. Сол себепті де мен емес, мен жасаған өмір романтика деп қараймын...

— Біздің кезекті құрылыс жұмысымыз анау тұрған жатаған қоңыр үйге көшеді. Сен сол үйде бұрын кім тұрғанын білесің бе? — деп Николай Иванович Бәкеннің сөзін бөліп кетті.

— Білмеймін, онда кім тұрған екен? Оны неге сұрадыңыз?

— Өзің аңсаған ақындықты жолықтырып, адамның ерлігі мен езгілігін жырламақ болсаң, сол үйдің несі туралы дастан жаз демекпін.



уақытта орманның жиегіне келіп тоқтадық. Алдымызда отсыз, үңгіз, түнерген село тұр. Жарық түнде жазықта көзге түсіп қалмайық деген сақтықпен бой тасалап тың тындадық.

— Тыс! Адам! — деді жолдасым, маған сыбырлап.

Екеуміз де демімізді ішке тартып тына қалдық та, жалма-жан село төңрегін көзбен шола бастадық. Селонның орман жағындағы жазық беткейінде қалқылып тұрған адамға ұқсас бір тұлғаны көрдік. Қарай-қарай көз талды. Ол орнынан қозғалмады. Ескі әдет бойынша орман бетіне қойылған қарақшы ма деп те жорыдық.

Ай сәулесі мен ақша қар шағылысып көзге мұнартып көрінді ме, әлде, ол шынымен қозғалды ма, әйтеуір, әлден уақытта адам тұлғалы «қарақшы» ілгері қарай жүргендей болды. Біз көз айырмадық. Шұба ақыпқатқа айналды. Оның адам екеніне көз жетті. Бейсауат адам едеуір жер ілгерілеп, бізге қарай жақындап келеді. Бірақ жүрісі өнбейді. Аяғын кібірткітеп басып бір орында шыр-көбелек айнала береді. Адымдап аяғын ілгері басқан сайын талтіректеп, бойын тежей алмайды. Кейде солға лағып кетеді. Бір нәрсені ұстауға талпынғандай қолын ербіндетте береді. Орман жақтан бері бұрылып кетсе, аңырып тұрып қалып, жан-жағына құлақ тосып, бір дыбыстарды сезгендей болады да бағытын түзеп, тағы да ілгері жүре бастайды. Жел шайқаған теректей теңселіп ілгері жүруінен тұруы көп. Біз оның әр қыймылын суретке түсіріп алатын адамдай бағып отырмыз.

Тіпті үнемі қарай беруден жалыға бастадық, аракілік пікір алысып күбірлесіп те қоямыз.

— Жаным — ау, бұл кім болды екен. Жау жайлаған, партизан торыған село маңында есі бар адам бұлай жүре ала ма?

— Мүмкін, мас адам шығар. Орыс бозасы көзін бозартып, ақылын алып сенделтіп жіберген немістің елірме офицерлерінің бірі шығар.

— Ақшам мен екіндінің арасында қуыс үйді паналап, далаға басын шығаруға қорқатын неміс ұрпағына мұндай батырлықты кім берсін.

— Әлде, бұл немістердің партизандарға құрған қақпаны болар..

— Бір жоруды бір жору түрткілеп, бір ой екінші ойды оятып, талай сұрақ аңғалап келіп жатты. Топып жатқан топшылау мен қат-қабат ойлар үстінде жұмбақ адамды көре тұра селоға кіруді көзсіз батырлық. Астарсыз аңғалдық болар деп білдік. Бірақ селоға баруға тиіспіз тапсырма солай. Сөйтсе де, мына жұмбақтың аңысын аңдадық.

Ғажайып адам жақындап келеді. Талтіректеу, бойын тежей алмау, кейде бет бұрып кету, аңырып тұрып қалу... Сүйегіне сіңген әдеттей, бір сарыннан танбайды: Ол орман жиегіне «ау» дейтін жер қалғанда «кімсіңдер» деп бізге сөйлегелі тұрған адамдай оң қолын орманға қарай созған бетінде қалқылып тұрып қалды.

— Әзіл өз алдына, айтыңызшы, ол кім еді?

— Ол бір қарапайым қария еді.

— Ол қазір қайда? Осында бар адам ба?

— Ол қайда дейсін — ау, Бөкен, ол әрі алыста, әрі жақында. Жау әкелген аза мен қазаны жасірет шөккен совет адамдарын көз алдына әкелмек болсаң сол қоңыр үйдің иесін біл, я ол бір алып адам еді ғой.

— Николай Иванович, жұмбақтай бермей баяндаңызшы адам туралы аңызды. Сіздің сөзіңіздің төркіні алыста жатқанға ұқсайды ғой.

Петров қол сағатына қарап:

— Қолқалап қоймадың ғой, бүгінгі күннің хұрметі үшін түскі демалысты саған қыйдым. Айтайын әңгімесін алып адамның — деді де қалтадан темекісін алып тұтатып ұзақ әңгімеге кірісті.

— Сұрапыл соғыстың қызу жүріп жатқан кезі. Немістер Россияның батыстары байтақ даласын басып алып Еділ бойына қол созып, осы қалаға шабуыл жасап жатты. Мен онда Донның арғы бетінде, Украина жерінде, партизан отрядында жүрдім. Бір күні жау әскері келіп орналасқан үлкен селоны барлап қайтуға отряд командирінен тапсырма алып екі кісі сапарға аттандық.

Қыс түсе бастаған мезгіл. Ай сүттей жарық. Жер аппақ. Тымырсық аяз шымырлатып бетті сүйеді. Қару-жарақты пұшпағымызға тускен ақ плаштын өңіріне жасырып, селдір орман ішімен жүріп келеміз. Әлден

Біздің шамалауымызша не удай мас, не ақылнап адасқан кісі. Басқа топшылаудың бәрі де жел айдаған қаңбақтай дәйексіз боп барады. Осы ой бізді жеңді. Төбемізді торлап тұрған жорамалдар мен хауіп сағымдай серпіліп, тәуекел мен іске сәт бұлт астынан шыққан жарық айдай шұғыласына бөледі... Енді қыймылдамау — кешігу деген ой мені мазалай бастады.

— Неде болса мен барайын. Сен осы арада қал, орнынан қозғалма. Біз қоян аулап жүргеніміз жоқ, аңғалдықпен айлаға душар болсақ, желіміз терістіктен шықса... отрядқа хабар беруің керек. — дедім жолдасыма.

Ол ойлы пішінмен мұнайғандай томсарып тұрып қалды да, кенет басын көтеріп бетіме қарап:

— Мен барайын, — деді.

— Жоқ, өзім барамын. Айтқанды орында.

Ағаш тасасынанан шыға еңбектеп алға жылжыдым. Сақтықта қорлық жоқ, жолшыбай пистолетімді атуға әзірлеп, басқа қару-жарағымды да оңтайлап, тұтқыылдан тап болар хауіпті қапысыз қарсы алуға дайындалып барамын.

Міне, мен жұмбақ адамның қасында жатырмын. Қарсы жоқ селт етіп сескенбейді де. Жүрегінің түгі бар-түр. Ол мені аңғармайды. Аңғарғысы да келмейді. Неге тұр ол? Не ойлап тұр ол? Бұл жұмбақ. Шешуі қыйын жұмбақ. Егер мен ескі ұғымдардың шырмауындағы қараңғы адам болсам, мынау тұрған адам емес, тун несі — пері деген болар едім. Мен еппен айкасуға оңтайланып орнымнан тұрдым. Әлі оның менімен жұмысы жоқ селт етіп сескенбейді де. Жүрегінің түгі бар-ма деймін. Үнсіз түнде дүниенің төбесінен қарап маужырап тұрған асқар таудай бір алып.

Тіл қатуға болмайды. Кім де болса мылтық даусын шығармай айкасып, жеңе қалсаң тірідей қолға түсіруге не жетсін. Біздің мақсаттың өзі де сол ғой... Орнымнан тұрған бетте атылған оқтай шап беріп ту сыртынан қапсыра құшақтай алдым. Сол сәпте жүрегім су ете түсті, бойым мұздап маңдайымнан суық тер шып-шып шыға бастады...

Николай Ивановичтың әңгімесін еңсесін салып жіберіп тыңдап отырған Бәкен төзе алмады білем, жұлып алғандай:

— Неге? — деді.

— Сабыр ет, Бәкен, неге екенін айтамын ғой, — деді де Петров темекісін тұтатып әңгіме желісін жалғай көнелді.

— Алғашқы қапсыра құшақтаған қарқынмен әрлі-берлі жұлып, алып соғып астыма басып жұмарламақ болдым. Жыға алмадым. Оны айтасын-ау, орнынан да қозғалта алмадым. Қапылыста жұлқудан алғашында аздап ауымқып қалды да, бой тежеп, қуатын жыйып қарсыласуға шыққанда қарт емендей сіресіп тұрып алды. Неткен күш! Ондай күшті адамды бұрын-сонды кездестірген емеспін. Шын алысқа душар болдым. Не тіл қатпай, не бұлқынбай, не қол жұмсамай тұрып алғанда өзрем әлде қайда кетті. Қатты састым. Дәрменімнің келгені жалғыз ауыз сөз болды. Ту сыртынан қапсыра құшақтаған бойымда:

— Кімсің? — дедім орысшылап.

— Сен өзің орысшысың? — деп, бірінші рет тіл қатты алып адам.

— Өзің ше? — дедім мен, жұлып алғандай.

— Мен орыспын. Босат қолымды! — деп бұйыра сөйледі ол.

Мен үндемедім. Арадан арандап шыққан арсыз бен ортадан оғаш шыққан опасыздардың бірі болар ма деген хауіппен құшағымды ырғай түсіп, жығуға әре-

кеткендім. Әрлі — берлі сілкілеген болсамын, ол орнынан қозғалмайды.

— Ей, орыс жігіті, босат деймің қолымды! — деп дауыстап жіберді алып адам.

Мен босатпадым қолым.

— Ей, орыс жігіті, іздеген жорын мен емес, мен де жокшымын! Айкасар жауын емес, айкаласар бавырымын мен. Тіреспе менімен! Сыртымнан тілдесіп сырттан-дық етпе, жүздес менімен, қара менің бет әлпетіме!

Күшпен де, сөзбен де алып адам мені әлсірете бастады. Қолым босатайын, қарсылық етсе қару жұмсайын дедім де құшағымды жаздым. Алып адам қарсыласуға қамдану ойында да жоқ, қар үстіне отыра кетті. Жаңа ғана жағаласқан жауым болғандықтан оқшауырақ тұрып ай сәулесі анық көрсеткен бетіне көз салдым.

О, сұмдық! Жан түршігерлік сұмдық көрдім мен сонда. Бойым мұздап, төбе шашым шымырлап кетті менің. Я, қуаныштың қайғылы-хасіреттің ешқандай белгісі жоқ адамның беті емес, түк басқан, тұтасып кеткен маңдай мен нек арасындағы жотаны көрдім. Беттің көркі, көңіл күйінің айнасы өмірдің шам-шырағы бауырына қадала қарағанда сүйініш пен мейрім төгетін нұрлы көзді көре алмадым, бет бейнесінен. Көз орнында қараңғы көрдің аузындай үңірейіп екі қуыс тұрды...

— Кешір, атажан! Білмедім, білмедім! — деп, қыйсайып жатқан алып адамның басын сүйедім. Бұл кезде менің жолдасым да келген еді. Ол мына суретке тандана қараған бойында тұрған орнында қалшылып қатып қалыпты. Алып адам сұлық жатты. Мен де үнсіз отырмын.

Орыс жерінің жау қолында қалып хасрет шеккен бір бұрышында, орман ішінде, Дон жағасында, айлы түнде қысқы аязда далада отырмыз. Сақал—мұрты аппақ қудай, екі көзі бірдей жоқ, әрі қасиетті, әрі хасретті орыс шалы арыстандай көсіліп алдымда жатыр.

— Кімсің, кім боласың, атажан? — деп сұрадым, бір-екі минутке созылған үнсіздіктің түндігін түріп.

Қарт қыюы қашқан ернін икемге келтіріп:

— «Кімсің, дейсің бе? Айтпасам қайтеді, шырақ, қорқарсың.

— Айтыңыз, кездестік, жүздестік, енді тілдеселік те.

— Білмек болсаң жайымды, мен бе, мен өз баламды, жалғыз ұлымды өлтірген адаммын, — деді қария даусы дірілдеп.

Шал сөзін естігенде, бойым мұздап сала берді. Елжіреп тұрған жүрегім қара тасқа айналғандай болды. Отырған орнымнан шегіне түсіп, шалдан алыстап кеттім. Не дерімді білмей, сөз таппай антарылып қалдым. Ол мендегі сезімді аңғармады білем, бұйрық раймен:

— Ей, орыс жігіті, жеткіз мені Еділге! Қайран Еділді көрмесем де, самалына бетімді тосайын, долы толқынмен тілдесейін, көрсін ол менің жүзімді, сен үшін жаумен шайқастым, көзімді беріп, жүрегімді әкелдім деймін мен оған... Шып орыс болсаң, жеткіз мені орыстың ұлы өзеніне! — деді.

Өз баласын өзі өлтірген. Өз бөлтірігін өзі жеген бәрі емес пе? Бұл не деген сұмдық еді. Мен не естіп тұрмын, түсім бе бұл, өнім бе? Жоқ, жоқ, қате естіген болармын... Ойы кең орыстың байтақ даласындай, жаны жарқын — көктемнің мейірбанды күніндей, жүрегі таза — Еділдің мөлдір суындай, қайраты қайсар — бір долданса үдере соғатын Мұз мұхиттың дүлейіндей орыс шалын ардақтайтын сезім бет бұрдың ба менен? Жүрегім суып барады ғой, адамдық мейрім қайласың?.. Осындай жан күйінің арпалысуы үстінде жұмбақ шалға тағы да бір тіл қаттым:

(Жалғасы бар).



С. МИХАЛКОВ

Суреттерін жасаған Н. И. ЛЕБЕДЕВ

Жазушы Сергей Михалков жуырда «Үйіне қайтарылсын!» деген жаңа пьесасын жазып бітірді. Бұл пьесада соғыс кезінде немістердің Германияға алып кеткен совет балаларының жайы суреттеледі. Осы күнге дейін бұл балалардың көбі Германияның ағылшындар билейтін батыс аймағында тұрады. Өйткені ағылшындар балаларды туған еліне, үйіне қайтаруға кедергі жасауда.

Міне, осы басылып отырған үзінді Сергей Михалковтың «Үйіне қайтарылсын!» деген пьесасының үшінші картинасы.

Бұл картинада ағылшындардың совет балаларын үйіне қайтармау туралы қолданған зұлымдық әдістері, адам айтқысыз әділетсіздік істері көрсетіледі.

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

1. Олридж — приют директоры.
2. Рексон — Адам ауыстыру бөлімінің өкілі.
3. Эйт — Ағылшын қызыл кресінің өкілі.
4. Рукавишников — майор. Совет өкілі.
5. Саша — бала.

Германияның батыс аймағындағы жетімдер приюті директорының кабинеті. Кабинетте: приют директоры — Олридж, адамдарды ауыстыру бөлімінің өкілі — Рексон, ағылшын қызыл кресінің өкілі — Эйт және әскерлерше киінген екі ағылшын бар. Бұлардан шетіректеу совет майоры Рукавишников отыр. Кабинетте отырған ағылшындар бір документпен танысып, ол документті бір-біріне ұсынып, сонымен шұғылданып отырған тәрізді. Бұлардың алдында әрі жүдеген, әрі нашар киінген бір бала тұр.

Рексон. Бұл бала, орысша тілге түсінбейді. Тек немісше ғана сөйлесе біледі.

Рукавишников. Бұл маған онша жат нәрсе емес. Оны, әрине, неміс тіліне үйреткен. Бала көп уақыт немістер арасында болғандықтан өзінің ана тілін ұмытып қалуы мүмкін. Өйткені баланы елінен өкеткенде екі жаста ғана болатын.

Рексон (комиссия мүшелеріне қарап). Мен бұл баланың ұлты поляк деп білемін. Солай емес пе? (Рексонның бұл сөзін комиссия мүшелері мақұлдағандай ишарат білдіреді).

Рукавишников. Мен бұл пікірлеріңізге мүлдем қарсымын. Бұл баланың анасы — украинка. Фамилиясы — Осипенко. Мен, Федя Осипенконың ұлты украин екенін жақсы білемін.

Рексон. Украин ұлт деп саналмайды.

Рукавишников. Советтер Одағында украин деген ұлт бар екендігі жөнінде дауласпағанның өзінде, Украинаның Советтік Социалистік Республикасы барлығын жоққа шығара алмайсыздар. Бұл республиканың үкімет басында украиндықтар отыр. Сондықтан мен мис-

тер Рексонның көпе-көрне жалған айтқан сөзіне таң қаламын, оның үстіне Украин Советтік Социалистік Республикасының біріккен ұлттар ұйымында толық праволы мүше екендігін білмеулеріңіз мүмкін емес.

Рексон. Я, біз мұны білеміз. Бірақ, біздің қоллағы нұсқау қағаздарымыз бойынша украиндықтар ұлт деп саналмайды. Украиндықтар бір кездерде Европаға тараран болатын. Бір бөлегі Россияда, бір бөлегі Польшада, бір бөлегі Румынияда, тағы басқа жерлерге бытырап кеткен.

Олридж. Сонымен қатар Румынияда тұратын украиндықтарды біз румындар, Венгрияда тұратын украиндықтарды венгрлер деп атаймыз.

Рукавишников. Олай болғанда, сіздер, Германияда тұратын ағылшындарды неміс деп атайсыздар ма? Сонымен сіздер, ұлт дегенді тұрған жеріне қарай айырын шатасасыздар. Бұлайша ұғынуларың мүлдем дұрыс емес.

Рексон. Нұсқаудың сегізінші тарауында украиндықтар тіпті де ұлт деп есептелмейді. Украина деген сөз тек географиялық ұғым, делінген.

Рукавишников (таң қалған түрде). Мүмкін сіздің нұсқауда 200 миллион халқы бар Советтер Одағы да географиялық ұғым шығар?

Рексон. Жоқ. (Кішкене бөгеліп). Бұл жөнінде біздің нұсқауда ешнәрсе айтылмаған. Меніңше, кандидатура мәселесін шешуге кірісе беру керек деп ойлаймын. (Комиссия мүшелері Рексонның сөзін мақұлдайды).

Олридж. Әй, бала сенің енді кете бергіңе болады. Бар, жүре бер. (Бала шығып кетеді. Рукавишников бұлардың зұлымдығына назаланып отырады. Комиссия тағы бір документті қарай бастайды).

Рексон. Ендігі бала Саша Бутузов. Солай шығар?

Олридж. Бұл баланың да ұлты туралы мәселесін шешу керек. Поляк баласы деп жазылған. Өзі де польша тілінде өте жақсы сөйлейді.

Рексон. Біздегі мәліметтерге қарағанда Саша Бутузов онбес жаста, ұлты поляк өзі жетім. Солай шығар, ә?

Рукавишников, Олай емес. Менің қолымдағы мәлімет бойынша, Саша Бутузов он үш жаста. Улты орыс. Воронеж қаласынан келген. Сашаның әкесі совет офицері Евгений Бутузов, шешесі — Ольга Бутузова. Сашаның шешесі Ольга Бутузова Германиядағы өзінің баласын қайтару туралы совет үкіметіне өтініш еткен.

Рексон (Олриджге қарап). Баланы мұнда шақырыңыз.

Ағылшынның біреуі кабинетке Саша Бутузовты шақырып алып келеді. Бала ақырын ғана басып кабинетке кіреді. Өзі жүдеу, жүзінде қысылғандықтың белгісі бар.

Әсіресе, кабинетте отырған совет офицерін көріп біртүрлі жүрегі қобалжығандай болады.

Рексон. Сені Саша Бутузов деп атай ма? Солай ма?

Саша. Солай.

Рексон. Сенің ана тілің қандай? Қай тілді өз тілің деп санайсың?

Саша (сасынқырап). Білмеймін... (Бөгеліңкіреп.) Поляк тілін шығар?

Рукавишников. Орысша сөйлейсің бе?

Саша. Нашар білемін. Тіпті, ұмытып та қалыпмын.

Рукавишников. Я, мен түсінемін. Саша! сенің ата-ананың, туғандарының аты кім? Сен мені түсініп отырсың ба? Сенің маманың аты кім еді?

Саша. Мамамды... я, мамамды... Ольга Ивановна.

Рукавишников. Ә, папаның ше? Айт, есінде болса...

Саша. Папамды... папамды... Жена...

Эйт. Майор мырзаның айтқан атынан бұл аттың айырмасы бар.

Рукавишников. Жоқ, мен атаған аттан бұл аттың ешбір айырмасы жоқ. Өйткені, Саша Бутузовтың әкесінің аты-Евгений, Жена деген ат еркелетіп, Евгений дегеннен қысқартылып алынған ат. Яғни, сіздердегі Эдуард деген есімді Эдди деген сыяқты.

Эйт. Мүмкін, солай шығар.

Рексон (Рукавишниковке қарап). Баладан тағы да сұрайтыныыз бар ма?

Рукавишников. Рұхсат етіңіз. (Сашаға қарап). Сіздің үйдің адамдары қай тілде сөйлеуші еді?

Саша. Орыс тілінде.

Рукавишников. Сенің папаң кім еді?

Саша. Папа... соғыс қызметкері болып істейтін.

Рукавишников. Ол, қандай киім киіп жүруші еді?

Саша (ойлаңқырап). Осы түсте киінуші еді. (Саша Рукавишниковтың үстіндегі киімді көрсетеді).

Рукавишников. Ол погон тағып жүруші ме еді, болмаса петличка қадап жүруші ме еді?

Саша. Оның кубиктері болатын еді. Айқыш-ұйқыш темірі болатын еді.

Рукавишников. Я, мәселе енді анықталды. Ол артиллерияның кіші лейтенанты болған.

Рексон. Сіз баланы өзіңіздің сұрауыңызға жауап беруге зорларандай жетелеп отырсыз. Меніңше солай. Өйткені, бала сасқалақтап не деп жауап бергенін өзі



де білмей тұр. Оның әкесі польшаның офицері болуы да мүмкін. Кубик және айқыш-ұйқыш темір дегендер баланың айтуымен қай армияның формасы екенін айыруға болмайды. (Сашаға қарап.) Саша Бутузов! Сен туған еліңе қайтасың ба? (Саша жауап бермейді. Біраз үндемей ойланып тұрып қалады).

Рукавишников. Ол енді үндемейді. Жауап та бере алмайды. Өйткені, ол туған ел дегенді түсінбейді де, білмейді де...

Олридж (Сашаға қарап). Кеше сен маған Германиядан кетемін деп едің ғой. Сонда қайда барғың келіп еді?

Саша. Бразилияға. Өйткені, маған Бразилияға кетуім керек деп өздеріңіз айтқансыздар.

Олридж. Я, солай. Сен өзін Бразилияға кетем деп тілек білдіріп едің ғой. (Майор Рукавишников бұған таңданғандай Сашаға қарайды. Саша көзінің астымен қысылған түрде Эйтке әлсін-әлсін қарап қояды).

Рукавишников. Бразилияға?.. Я, сен не үшін Бразилияға барғың келеді?

Саша. Мен, ұлы Бразилияның қызыл крестіне міндетті, әрі борышты сыяқтымын. (Эйт басын шайқап, ақырын жымыйып күліп қояды).

Рукавишников. Эйтсе де, бұл арада Бразилияның хажеті қанша?

Олридж (күліп). Балаға осы елдің унағаны ғой. Сондықтан, ол Бразилияны әдейі тандап, сұрап отыр. Қайда барғысы келетіндігі жөнінде оның комиссияға өтінішін айтуға, тілек білдіруге қақысы бар. Сондықтан біз баланың өтінішін қабыл алып, тиісті қарар шығаруымыз керек.

Рукавишников. Маған, Саша Бутузовтан бірнеше сөздер сұрауға рұхсат етіңіз? (Рукавишников осы сөзді айтқаннан кейін комиссия мүшелері өзді-өзі кенесіп алады).

Рексон. Бірнеше сөздер сұрауыңызға болады.

Рукавишников. Саша! Бразилия туралы не білесің? (Саша ойланып қалады). Соны айтшы?

Саша. Бразилия күн сәулелі ел дейді...

Рукавишников. Ал, солай-ақ, болсын. Бразилия туралы тағы не білетінің бар?

Саша. Бразилияға жұмысшы керек. Онда жұмыс бар дейді.

Рукавишников. Я, онда кофе плантациясына жұмысшы керек. Я, онда осындай жұмыс бар екені рас.

Рексон. Майор мырза! Сіздің сұрауыңыз бітті деп есептеймін.

Рукавишников. Жоқ. Менің сұрауым әлі біткен жоқ. Тағыда сұрауға рұхсат етіңіз?

Рексон. Жарайды, аялдайық.

Рукавишников. Саша! Советтер Одағы туралы не білесің? (Саша үндемейді). Саша сонымен Советтер Одағы туралы саған ешкім айтқан жоқ па?

Саша. Жоқ.

Рукавишников. Сендей балалар, былайша айтқанда сенің жасыңдағы балалар Советтер Одағында қалай тұратынын білесің бе?

Саша. Жоқ, білмеймін.

Рукавишников. Советтер Одағында, яғни сенің туған елінде Суворов мектептері бар, онда сендей балалар оқыйды. Онда оқыған балалар совет офицері болып шығады. Яғни мына мен сыяқты болатын, тағы да Нахимов атында училищелер бар, мұнда оқыған балалар моряк болып шығады. Онымен қатар, әртүрлі өнер үйрететін училищелер де бар, мұнда оқыған балалар өзіне керекті өнерге маман болып шығады. Міне, осылар туралы да саған ешкім айтқан жоқ па?

Саша. Жоқ, Айтқан жоқ.

Рукавишников (Комиссия мүшелеріне қарап). Менің сұрайтын басқа сөзім жоқ, хұрметті мырзалар. Саша Бутузовтың берген жауабын естіп отырған шығарсындар! (Комиссия мүшелері таң қалғанын, бастарын шайқасалы). Бала туған еліне барғысы келмесе, оған танданатындай ешнәрсе жоқ. Ол туған елі — Советтік Социалистік Республикалар Одағынан көрі, өзіне жат алыстағы Бразилияны біледі. Ол өзінің туған елі туралы ешнәрсе білмей отыр, өйткені, туған елін ұмытып кеткен. Туған семьясы, туған үйі туралы ешкім еске алмаған. Мен бұл туралы кімді айыпты деп санауға білмей отырмын, мырзалар! Мүмкін сіздер баланы оқытқан мұғалімнің атын атап берерсіздер?

Рексон. Мұндағы балалар жетімдер приютінің оқу программасы бойынша білім алады.

Рукавишников. Я, мұндағы білім белгілі, сіздер үшін қолайлы да!

Рексон. Мен совет өкілінен сұрар едім...

Рукавишников. Я, я, мен бұл арада лорд Уолтонның абройын түсірейін деп отырғаным жоқ, оны маскараалағым да келмейді. Бірақ менің де, менің халқымның да бір танданатын жері бар. Ол, Европаны фашизмнің ылананын күткарған әкелердің балаларын ағылшын үкіметі неге Германияда ұстайды, неге оларды басқа елге жіберелі?? Неге оларды үйіне, туған жеріне қайтармай отыр? Не үшін шындықты жасырады? Бұларды неге жетім дейсіңдер? Бұлардың әке-шешесі, туған-туысқаны өз елінде тірі отырған жоқ па? Бұлардың туған елі — Отаны бар емес пе? (Комиссия мүшелері қызарып біріне-бірі қарасады).

Рексон. Сіз бұлардың әке-шешесі тірі екендігін, балаларын күтіп, іздеу салып отырғанын не мен дәлелдей аласыз?

Рукавишников. Бұл балалардың туған туысқандары-

ның жазған хаттарымен, газеттерге шыққан іздеу, хабарландыруларымен дәлелдеймін.

Рексон. Біз газетке басылғандардың бәріне сене бермейміз.

Рукавишников (қызу үспінде). Сіздер жеке адамдар басып шығарып отырған газетке сенбеулеріңізге болды. Ал, біздің газеттер тек шындықты ғана жазады. Ал, сіздер біздің газеттерге сенбейді екенсіздер, онда мынаған сенетін шығарсындар... (Рукавишников папкасынан бір суретті алады да, Сашаға бере бастайды.) Саша, бұл суретті таныйсың ба? (Саша суретке үңіле қарап, көзіне жас алып, қолы дірілдейді).

Саша. Бұл мама... бұл маман. (Комиссия мүшелері сасып, әлсін-әлсін алдарындағы қағаздарды ақтара береді).

Рукавишников. Саша! Бұл сенің маман ба? Маман қазір Москвада тұрады. Сені үйге қайтады деп маман күтіп отыр. Сенің маманды Ольга Бутузова деп атайды. Ал, бұл суретте маманмен қатар отырған сенің әкең — капитан Бутузов.

Рексон. Совет өкілінің бұл мінездерін мен шұрыс санамаймын. Мен, майор мырзадан сурет туралы алдымен комиссияны таныстырып етулі сұраймын. Әрине, бұл суреттің мәселені шешуге ешбір маңызы жоқ. Сондықтан бұл арада енді баланың тұруы да хажет емес. (Саша тағы да көзіне жас алады, мұңайды. Ойға түседі).

Рукавишников. Мырзалар, мен, сіздердің бұл арада осыныша салқын қанды бола қойғандарыңызға түсінбеймін! Сендер, я...

Олридж (Сашаға). Сен енді жүре бер. Саша Бутузов, жүре бер. Сенің енді бізге хажетің аз. (Саша суретті Рукавишниковке ұсынады).

Рукавишников. Өзіңде қалсын. Ескерткіш болсын. Саша бұл сенің әке-шешен. (Комиссия мүшелері танданған пішінмен тағыда бір-біріне қарасады. Саша мұңайып шығып бара жатады).

Рукавишников (ашулы пішінмен). Мырзалар, мен, бұл іске тіпті танқалып отырмын. Сендер ше әке емессіңдер ме? Сендердің балаларың жоқ па? Ал, бар болса, ол балаларыңды сүймейсіңдер ме? Мистр Олридж! Сіздің баланызды ұзақ уақытқа біреулер алып кетсе, оған сіздің жауларыңыз өзінің тілін үйретіп қойса не дер едіңіз? Егерде, сол баланды тауып алып, қайтаратын болса, сіз алмас па едіңіз?

Рексон. Мырза, сіз тым теренте кеттіңіз. Әлі біздің шешілмеген бір сыпыра мәселелеріміз бар. Солай емес пе?

Рукавишников. Мырза мен тағыда айтамын, тағы да сөзімді қайталаймын, өйткені Саша Бутузovтың әке-шешесі тірі. Олар баласын үйге қайтады деп күтуде. Сіздер, баланың Германияда тұруы, болмаса Бразилияда кофе плантациясына құл болып журуі үйіне, туған үйіне қайтудан артық деп ойлайсындар ма? Ол, туған еліне, ұшқан ұясы-өз семьясына баруы керек. Оқу оқып, білім алуы керек. Сашаны және сол сыяқты балаларды үйіне қайтару керек. Мырзалар, бұлай ету сіздердің қызмет жүзіндегі міндеттеріңіз, азаматтық борышытарыңыз.

Рексон. Мырза, совет майоры, сіз мұнда адвокат емес екендігіңізді ұмытып кеттіңіз-ау деймін. Ал, біз айыпталушылар да емеспіз. Бұл жер сот алдындағыдай сөйлейтін сот мәжлісі де емес. Сот мәжлісіндегідей сөйлеудің керекі қанша демекшімін.

Рукавишников (түрегеліп). Мен өзімнің қай жерде тұрғанымды білемін. Сондықтан да батыл, өткір сөйлегім келеді. Мен, сүйікті балаларынан айрылған жүздеген ата-аналар атынан сөйлеп тұрмын. Сіздер, мырзалар, заңсыздық істеп отырсыздар. Балалардың бақытты өміріне адам айтқысыз зұлымдық істеп отырсыздар. Мырзалар, сендердің бұл әділетсіз істерінді жер жүзінің адал ниетті адамдарының бірде-бірі дұрыс деп танымайды. Тіпті, адал ниетті ағылшын адамы да мақұлдамайды. Мұндағы совет балалары: орыс болсын, латыш болсын, еврей, украин, белорусь болсын бәрі де үйіне қайтарылуы керек. Я, тек үйіне қайтарылуы керек! (Рукавишниковтың сөзіне шыдай алмай Рексон, онымен қатар басқа комиссия мүшелері орындарынан

тұрады). Мен, бұдан былай қарай бұл мәжілісте совет өкілінің болуын артық деп білемін. Совет өкілі сендердің мәжілістерінде куә есебінде отыра алмайды. (Рукавишников комиссияны тастап кабинеттен шығып кетеді. Комиссия орындарында отырып тағы да қағаздарды, документтерді қарай бастайды).

Олридж. Ал, енді Савельева Нинаның материалын қарайық. 13 жаста. Қай ұлттан екені белгісіз. Бірақ, полька деп жазылған. Ол Эммы Вурст деген неміс әйелінің қолында тұрады. Бұл туралы да совет өкілінің сұрауы бар. Ал, Эммы Вурстің өзі де комиссияға өтініш түсіріп отыр...

(Шымалдық).

Пионер активіне көмек

Дружина туы және отряд жалауы

Көпегі Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндерінде айбынды Совет Армиясының жауынгерлері мен офицерлері Қызыл Туды қолға ұстап жауға аттанды, олар талай қанды ұрыста дұшпанды жеңіп шықты, совет жауынгерлері өздерінің хасиетті Қызыл Туын Берлиннің үстіне апарып қадады. Советтік біздің Қызыл Ту халқымызды жеңістен жеңіске бастап келеді.

Үлкен араларынан үлгі-өнеге алған совет мектебінің оқушылары мен пионерлері Қызыл Туды аса қадірлейді. Олар Ұлы Отан соғысы кезінде советтік қырмызы Қызыл Туды жау қолына түсірмеу жолында батырлықтың, қаһармандықтың және ерліктің асқан үлгілерін көрсетті. Бұл жөнінде Киев қаласының, пионері Костя Кравчук, Добруш қаласының пионеркасы Маня Ганафаева және басқа толып жатқан пионерлердің ерліктерін атап айтуға болады. Олар жас лениншіл деген ардақты атты ақтай білді, дружина туының астында тұрып берген пионерлік салтанатты уәдесін іс жүзінде орындады.

Әрбір пионер дружинасының, жас пионерлердің аудандық, қалалық, облыстық советтерінің қызыл туы болады. Ол ту пионерлерге көптеген міндеттер жүктейді.

Қалалық және аудандық пионер-

лер ұйымының туының ені 90, ұзындығы 120 сантиметр болады. Оның бір жағына «Ленин — Сталин ісі үшін күреске дайын бол!» деп, екінші жағына аудандық не қалалық пионерлер ұйымының аты жазылады. Бұл ту жас пионерлердің аудандық не қалалық советінде сақталады.

Ал, пионер дружиналарының туының ені 80, ұзындығы 60 сантиметр болады. Оның бір жағында «Ленин — Сталин ісі үшін күреске дайын бол!» деген ұран жазылады. Және пионер значогінің суреті салынады. Ал, тудың екінші жағына пионер дружинасының аты-жөні, саны жазылады.

Ал, отрядтарда ту болмайды. Отрядтарда кішкентай үш бұрышты жалау болады. Оның көлемі 30 x 60 сантиметр болады. Ол диаметрі 2,5 — 3 сантиметр, ұзындығы бір не бір жарым метр ағашқа сапталады. Сөйтіп оған не бояумен, не кестемен отрядтың аты-жөні және саны жазылады.

Отряд жалауы дружина туымен бірге пионерлер бөлмесінде сақталды.

Салтанатты мереке күндері, байқау парадтарында, слет немесе дружина жыйыны өткізілген уақыттарда, горн ойналып, барабан соғылып жатқанда, пионер лицейбасының

алдына пионерлер дружина туын желбіретіп алып шығады. Туды алып шығу, оны бастап шығу, әрине, әркімге тапсырыла бермейді. Туды ұстап шығу правосы тек оқу отличниктеріне, актив пионерлерге ғана тапсырылады.

Туды көтеріп шыққанда пионерлер түзу тұрады да, вожатый-салиут беріп тұрады. Ту ұстаушы түмен келіп, оң жақ қатарға тұрады. Дружина туы — дружинаның барлық жеңістерінің, отлачно оқудың, пионерлік даңқты істердің, көңілді ойындардың, салтанатты мерекелердің хұрметті куәсі.

Пионер ұйымдары өздерінің қызыл туын хұрметтеп, кір түсірмей сақтауы керек. Әрбір пионер оны қадір тұтатын болсын.

Ол үшін пионер ұйымдары әрқашан дружина туы мен отряд жалауының хасиеттерін пионерлерге жете түсіндірсін, сөйтіп, оған пионерлердің сүйіспеншілік сезімдерін арттырсын. Және дружина мен отряд жыйындарында қызыл ту туралы қызықты әңгімелер немесе қызыл туға арналған жеке жыйындар өткізіп отыру керек.

К. МЕНДІБАЕВ,

ҚЛБЖО Алматы облыстық комитетінің мектеп жөніндегі секретары.



К. БЕКХОЖИН

БАЛЛАДА

I

Бітті майдан...
Болған ойран
Ішінде қаланың,
Қалып қайран,
Қарап жан — жаққа,
«Келдім, — деп, — қайдан?»
Туғанда жеңіс,
Тұр аңырып
Негр Джемс...

II

Ойран да ойран
Шықпас ойдан,
Қара жер қанға
Шығар тойған,
Бітті майдан!
Бітті майдан!
Жеңілді неміс! —
Деп, мез болды
Негр Джемс.

III

Терімен жуып
Көмірдей бетін,
Риза болып
Тірлікке тым,
Аңсап дүние
Әділетін,
Жаса, Жеңіс? —
Деп айғай салды
Негр Джемс.

IV

Көрсеткендей
Әлемге күшін,
Ағартқандай
Қап — қара түсін:
— Соғыстым мен де
Әділет үшін,
Керек маған да
Жеңістен бөліс —
Деп шаттанды,
Негр Джемс...

V

Бітті майдан...
Бірақ, ойдан
Шықпай тұр үйі,
Алыста қалған.

Көрмей көп жыл
Көңілінде арман,
Туса да жеңіс,
Қайта алмай қайғылы
Негр Джемс...

VI

Мұхиттан әрі
Бұлттар көшкен,
Жарты жер бар
Жалаңдап өскен,
Сарайлар бар сонда,
Көкпен тілдескен,
Аппақ тегіс,
Ие емес, бірақ,
Негр Джемс.

VII

Тұрады онда
Мырзалар аппақ,
Басқан аяғын
Алшандап аттап,
Өзінен басқаға
Ірілік сақтап,
Жактырмай қараны
Айтқан сөгіс...
Естіген талай
Негр Джемс.

VIII

Қайда оның үйі? —
Қаладан қашық.



Тықсырған оны
Сарайлар басып,
Кұр рана үңгір,
Қараңғы лашық,
Қап — қара тегіс,
Тұрады сонда
Негр Джемс.

IX

Мұхиттан әрман,
Зор қалалардан
Қорек іздеп,
Көп сандалған,
Көп жыл, көп күн,
Шаршаған, талған,
Таппай жұмыс
Сорлы болған
Негр Джемс.

X

Мұхитты кешіп,
Таулардан асып,
Оқтармен, өртпен
Араласып,
Қар жамылып,
Қанды басып,
Болсын деп жеңіс,
Бес жыл соғысты
Негр Джемс.

XI

Мен де адам,
Мен де болам
Ақ түстілердей
Алшандаған,
Енді теңдік
Тиер маған,
Туды ғой жеңіс! —
Деп ойлаған
Негр Джемс.

XII

Алшаң басып,
Кетті жүріп,
Келеді баладай
Қуанып, күліп,
Кездесті сонда,
Ақ түсті ұлық,
«— Туды, — деп, — жеңіс! —
Қол созды оған
Негр Джемс.

XIII.

Қарашы паңы
Американың
— Тарт қолыңды
Көтермес арым
Устауға қолың
Сендей қараның, —
Деп зекірді,
Айтып сөгіс,
Қалды анырып
Негр Джемс..

XIV.

«Мен де адамы
Американың —

Кем бе екен менің
Содан жаным?
Қайда бес жыл
Соғысқаным:
«Туар, — деп, — теңдік.
Туғанда жеңіс?»
Деп, баладай
Еңкілдеп жылады
Негр Джемс.

XV.

Мұхиттан арман
Ашынған арман
Қорлық пен азап,
Сөздер жалған,
Ақ түсті жандар —

Қатыгез аңнан,
Айтқаны: «Соғыс!
Майданға шық,
Негр, Джемс!»

XVI.

«Доллар жанды
Ақ түстілер,
Доғар сөзді,
Ей, мистрлер!
Енді маған
Тыныштық бер,
Керек емес
Енді соғыс!» —
Деп, жар салды
Негр Джемс.

Жас ақындардың шығармаларынан

Қ Ы С

Қара жерге сәи бергендей,
Жайды көрпе ақ жібектен.
Сағынғандай сапарынан
Оралды қыс былтырғы өткен.
Ақ көрпені сыра желпіп,
Ойнайды асау желі гулеп,
Терезеге қардан аяз
Әшекейлі салған сурет,
Қар жамылған ой менен қыр.
Шерткендей сыр қызықты бір,
Алатаудан неқ артып,
Күлімдеп күн шақырып тұр.
Жүр, жолдасым, жүр барайық,
Шағмыз ғой бұл балалық,
Шаңғымыз бен Алатаудың
Қыратынан сырғанайық!
Ойнақы жел гулер, соғар,
Шаршағандай тына қоймай.
Бізге аяз өршеленер
Болып, мүмкін, сынағандай.
Жасқанбалық, қарсы барып,
Кәрлі қыспен алысалық!
Өр мінезді желіменен
Алысалық, жарысалық!
Жарысалық тауды бойлап,
Умтылалық алға тынбай.
Шынығалық қыспен ойнап,
Ұлы Отанның солдаттындай,
Жүр, жолдасым, жүр менімен
Эи шырқасып бір баралық!
Алатаудың дөңдерінен
Шаңғымызбен сырғаналық!

З. ҚАБДОЛОВ.

Таң сызылып баяу ғана,
Сәуле беріп айналаға,
Күннің көзі шығып келед
Иек арта биік тауға.
Шаңғы теуіп бір топ бала,
Серуендеп таза ауада.
Күлшына бір қуат керілеп
Жүр жарысып асыр сала.
Қарсы келсе биік қабақ,

ҚЫСҚЫ СЕРУЕНДЕ

Шұғыл бұрып, шыр айналад.
Көз ілеспес қыймылына,
Құстай ұшып, оқтай ағад.
Сансыз түлек мұның бәрі —
Өмір гүлі, ел ажары.
Еркін өсіп, сайрандаған
Бақытты елдің ұландары.

Ж. ТҮРБЕКОВ.

БЕС ЖЫЛДЫҚТЫҢ ЕРІ ЕКЕН



Елуге келген екі қарт
Егін орып жүр, екен.
Есімімен таныссам,
Ерекең мен Нүрекен.
Жалаңаш қылыш секілді,
Жайпап тастар күші бар.
Жауға аттанған батырдай,
Жалығар емес екі шал.
Ағарса да сақал, шаш,
Кәрілікке бой бермелті.
Жарысқа түсіп жастармен,

Құлашын кең сермелті.
Қарт дейін десең, қайрат мол,
Олай атау орынсыз.
Жас дейін десең жас елу,
Көңілге тіпті қонымсыз.
Түс — кәрі, күші — жас
Ерекең мен Нүрекен —
Баяғының шалы емес,
Бес жылдықтың ері екен.

Ж. ӘМІРБЕКОВ.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің XIV пленумы қараған мәселе

ЛКЖО Орталық Комитетінің жуықта болып өткен XIV пленумы «Республика пионер ұйымының жұмысы туралы» мәселе қарады. Бұл мәселе жөнінде ЛКЖО Орталық Комитетінің мектеп және пионер жұмысы жөніндегі секретары Нұрхан Ахмедова жолдас баяндама жасады.

Большевиктік партиямыз, сүйікті әкеміз ұлы Сталин жас пионерлер ұйымына арқапанда зор көңіл бөліп, жас жеткіншектерді коммунистік рухта аялап өсіріп келеді.

Пионер ұйымының басты міндеті балаларды білімді, еңбек сүйгіш, ержүрек адамдар етіп, Советтер Одағының ардақты азаматтары етіп өсіруде совет мектебіне, комсомолға көмек көрсету болып табылады.


Республикамыздың пионер ұйымдары пионерлер мен мектеп оқушыларын коммунистік рухта тәрбиелеуде, мектепте оқу сапасын арттырып, саналы тәртіп орнатуға көмектесуде едәуір жұмыстар істеді. Дружина, отряд жұмыстарының мазмұны мен түрі жақсарды. Пионерлер балалар сауық кешінің, сурет өнерінің аудандық, облыстық олимпиадаларына, отан тану саяхаттарына, мектеп маңындағы учаскелерді жасылдандыруға, спорт алаңдарын жабдықтауға, бау-бақшаны, егісті күтіп жыйнауға белсене атсалысты.

Осымен қатар, пленум пионер ұйымдарының жұмыстарында көптеген елеулі кемшіліктер бар екендігін атап көрсетті. Пионер жұмысында әлі күнге дейін бір сарыңдылық, формальдық жойылған жоқ. Дружина, отряд, звено жұмыстарынан көп пионерлер сырт қалып келеді. Физкультура, спорт жарыстары, ойындар, жорықтар, экскурсиялар жиі өткізіліп тұрмайды. Пионерлері сауық-кеш пен үйірмелерінің жұмыстарына нашар қатыстырылады. Бұлардың барлығы да пионерлердің өнерге талпынуын, іскерлігін барышына дамыта беруге бөгет жасайды.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пленумы өзінің қаулысында пионер ұйымдарының бұдан былайғы жердегі жұмыстарының мазмұны мен түрін айқын белгілеп берді.

Республика пионер ұйымдары ЛКЖО Орталық Комитетінің 1947 жылғы марттың 13-дегі «Пионер ұйымы жұмысын жақсарту туралы» қаулысын бұажытпай орындай отырып, пионерлерді советтік ұлт мақтанышы рухында, социалистік Отанымызға, большевиктік партиямызға, Сталин жолдасқа шексіз берілгендік рухта тәрбиелеуге міндетті. Пионерлерді оқуға, еңбекке, тәртіпке социалистік көз қараста болуға баулу хажет, оларды кездескен қыйыншылықты табандылықпен жеңуге, іскерлікке, төзімділікке даярландыру, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету керек.

Пленум пионерлер мен оқушыларға идеологиялық тәрбие беру ісіне ерекше мән берді. Осы мақсатта



Шубар орта мектебінің (Талдықорған ауданы) жақсы жабдықталған физика кабинеті бар.

СУРЕТТЕ: 7-класс оқушыларының кабинетте тәжірибе жасап тұрған кезі.

звено, отряд, дружина жыйындарында ұлы Отанымыз туралы, соғыстан кейінгі бесжылдық туралы, большевиктік партиямыз және оның көмеңгер көсемдері В. И. Ленин, И. В. Сталин туралы, большевиктік партия мен совет мемлекетінің көрнекті қайраткерлері туралы әңгімелер өткізіліп отырылуы тиіс. Бұл тақырыпта жазылған кітаптарды оқу және талқылау ісі ұйымдастырылуы тиіс. Сондай-ақ өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының озат адамдарымен, ССРО және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттарымен кездесулер өткізу, кино мен театр ойындарын бірлесіп көру, оларды өзара талқылау істерін жүргізіп отыру хажет.

Пионерлер мен оқушылардың арасында оқу-тәрбие жұмыстарын жақсарту мақсатында, дружиналарда пен үйірмелерінің саны көбейіп, мектептерде жас математиктердің, географтардың, тарихшылардың, химиктердің тараы басқалардың олимпиадалары өткізіліп отырылатын болды.

Пленум бір қатар пионер ұйымдарында отан тану саяхаты өткен жылы қанағаттанғысыз өткендігін атап көрсетті. Әрбір пионер дружинасында отан тану үйірмесін, мектеп музейін ұйымдастыруды, жас пионерлердің 1948 жылғы жорығына қазірден-ақ тыңғылықты түрде әзірлене бастауды тапсырды. Саяхат біткеннен кейін жас саяхатшылардың аудандық, қалалық слеттері өткізіледі және олардың жыйнаған заттарынан көрмелер ұйымдастырылады.

Пионерлер мен оқушылар өмінен келетін қоғамдық

жұмысқа белсене қатысады, мал формаларындағы төлдерге қамқоршы болуға міндетті. Олар өз мектептері жағында өкпе ағаштар өсірулері тиіс.

Пионерлер мен мектеп оқушыларының көркем өнерге әуестігін барынша дамыта беру мақсатымен мектептерде, аудандарда, облыстарда балалар сауық кешінің олимпиадасы және балалар сурет өнерінің көрмесі ұйымдастырылады. Ал, 1948 жылы август айында жаңа өнерпаздардың республикалық олимпиадасы өткізіледі.

Пленумының қаулысына сәйкес орта және жеті жылдық мектептерде физкультура коллективтері, ал бастауып мектептерде физкультура үйірмелері құрылады. Январь, февраль айларында мектептерде жас

шаңғышылардың, қосық тобушылардың жарыстары өткізіледі. 1948 жылдың жазында Оралда, Балқашта, Семейде, Қызылордада, Акмолада, Петропавловскиде, Гурьевте, Павлодарда және Өскеменде балалар су станциялары салынады.

Балалар, Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті Пленумының қаулысында республика пионер ұйымдарының алдыңғы уақытта не істеп, не қоюы керек екендігі жөнінде толық айтылған. Дружина, отряд, звено жұмыстарының мазмұны не болу керек екендігі көрсетілген.

Ал, жас достар, іске кірісіңдер! Вожатыйдың, мұғалімнің басшылығымен, комсомолецтердің көмегімен өз істеріңде жаңа табыстарға жетіңдер.



СҮЙСІНЕРЛІК ІС

Токаревка қыстағының адамдарының бүгін қуаныштары қойындарына сыймайды.


— Жарық!.. Электр!.. Радио!.. — деп олар бірінен бірі сүйінші сұрап жүр.

Я, бүгінгі кеш сондай көңілді. Көше де, үйлер де самаладай жарық. Ильич шамы! Бұрала аққан Нұраның суында электрдің сәулесі ойнап, оны да тамашаға, қуанышқа бөлеп тұрғандай. Бұрын қас қарайған соң тым-тырыс бола қалатын қыстақта, бүгін радио санқылдап сөйлеп тұр.

Ата-аналарын осындай қуанышқа бөлеген балалар еді дегенге нануға болар ма? Болады екен. Өйткені, өзім көзіммен көрдім, осының бәрі өзім оқытқан оқушы балаларымның ісі.

Жаз біздің мектептің пионерлері үлкен бір жұмысты қолға алды. Темір тау қаласынан өздері тұрған Тельман ауданының орталығы — Токаревка қыстағына электр, радио жүргізілгені болды. Қажырлы пионерлер ойға алған істерін орындап шықты. Олар мамам адамдардың басшылығымен 2000 сағаттық жұмыс істеп, 5500 метр электр, радио сымын тартты. Бағана ағаштарды да олар өздері орнатты.

Бұл игілікті істе 7-класстың оқушылары Вера Полова, Тамара Хлебова және 5-класстың оқушылары Клавдия Муратова, Роза Бекжанова, Нұртай Смайловалар ерек-



Алматы, 25 санды қыз балалар мектебіндегі пионер дружинасы советінің жыйыны.

СУРЕТТЕ (солдан оңға қарай): Р. Юсупова, Г. Пак, Т. Бурмакина, В. Қизирова, Г. Молдабаева және Т. Оштейко (дружина советінің председателі).
Суретті түсірген Р. Сибирцев.

ше көзге түсті. Аудандық партия, комсомол ұйымдары бұларға алғыс айтып, сыйлықтар берді.

Қазір аудан орталығындағы үйлердің бәрінде де электр шамы жанады, радио сөйлейді. Міне, біздің мектеп оқушылары мен пионерлерінің жаңа сүйсінерлік ісі.

В. И. КОЛЫШ,

Қарағанды облысы, Тельман ауданы,
Токаревка орта мектебінің оқытушысы.

465339



АЯЗ АТАМЕН БІРГЕ БОЛДЫК

Біздің мектептің кең залы бүгін зор тамашаның қызықтың ордасына айналғандай. Тіпті өзгеріп кетіпті. Жан-жағына құмарланып қарай бергің келеді. Әсіресе залдың ортасындағы қызылды-жасылды ойыншықтарға бөленген елка ағашы көзінді анадайдан тартады. Нені көргің келсе, бәрін де содан, сол жасыл ағаштан табысың.

Таңертеңгі сағат — 9. Залдың іші бейне бір қарлы далаға ұқсағандай. Міне, бөбектер елка ағашының айналасында «Көңілді балалар» әнін шырқай бастады. Би биленді...

Төртінші кластың оқушысы Илькина Лиза Пушкиннің «Қыс» деген өлеңін оқып, енді бітіре берген кезде, әсерлі жаңа бір үн естілді:

— Балалар, Аяз ата солтүстік полюстен «Жұлдыз» самолетімен ұшып шықты. Отанымыздың жүрегі Москвада болып, қазір біздің ортамызға келеді. Аяз атаны қарсы алыңдар!

Балалар қуанышты минутты асыға күтті. Бәрінің аузында бір-ақ сөз жүрді. Ол — Аяз ата, Аяз ата! Аяз атаны қарсы алу жыры басталды. Жыр аса бір әсем ырғақпен шырқалып жатты, «Аяз ата» келді деген хабарды естігенде, залдың іші тына қалды. Осы кезде: ақ қардан шапан киген, кірпігіне, мұртына мұз қатқан, бетінің түктерін қырау шалған, ақ сақалы беліне түскен адам елкаға қарай аяндады...

— Саумысыңдар, балалар! — деді Аяз ата. Олар бір ауыздан:

— Саумыз! — деп жауап берді.

— Уа, бақытты елдің бөбектері, — деп бастады сөзін Аяз ата, — сендерге аталық жүрегімнен жаңа жылдық құтты болсын айта келдім. Жаңа жылда жаңа қарқынмен оқуға кірісіп, тағы да көптеген табыстарға жетулеріңе тілектестігімді білдірмекпін. Мен бүгін көп жерлерде болдым. Сонау Мұз мұхитын жайлаған Солтүстік полюстен күн сәулелі Алматыға дейін, бақыт шырағы

жанған Москвадан Қыйыр Шығыстың қамалы — Владивостокке дейін араладым. Бәрінде де 1948 жылдың сәуірі дабылы қағылды, жаңа жылдың қызықты өміріне кірісті. Бәрінде де маған сый, хұрмет көрсетілді. Енді сендердің орталарыңа, сүйікті бөбектеріңнің ортасына келдім.

— Ендеше біздің де сізге деген сыйымыз бар, көріңіз, — деді 3-кластың оқушысы Вера Демьякина. Сол-ақ екен елқаны қоршап тұрған барлық балалар Аяз атаға арнап ән шырқады. Аяз ата бәріне қанағаттанғандай, ризалық пішін білдіріп тұрды. Бұдан соң Аяз ата жеке-жеке шақырып, балалардың өнерін көрді. Өнерпаз балаларға өзінің «алыс жолдан» әкелген сыйлықтарын үлестірді.

Әсіресе, Аяз атаны балалардың «Үш торай» деген күлдіргі биі қызықтырды. Мұны орындаған 2-кластың оқушылары Света Бельченко, Мила Клешева, Галя Лобутиналар көркем әдебиет кітаптарын алды. Сөйтіп Аяз ата қалған балаларға әртүрлі заттардан берді. Кенеттен Аяз атаның алдына әлде қайдан шыйыршықталған телеграмма ұшып түсті. Бәрі тым-тырыс бола қалды. Аяз ата телеграмманы алып оқыды: «Молния! Аяз атаға! Сізді көруге асығудамыз. Тосып отырмыз. Семей қаласының пионерлері».

— Ал, бақытты бөбектерім, сый-хұрметтеріңе алғыс айтып, аттанғалы тұрмын. Менің баратын жерім әлі көп. Бәрінде де осы өздерің сыяқты мені тосуда. Ендігі жылы тағы да келемін. Оған дейін сабақты жақсы оқумен тарту әзірлеп қойыңдар.

Балалар Аяз атаны «Көңілді балалар» әнімен шығарып салды. Аяз ата болып ойнаған 7-кластың оқушысы Владимир Бельченко еді. Біздің пионерлер де, оқытушылар да оған алғыс айтты.

Валя ТИМЧЕНКО,

Алматы селолық ауданының 75-саны мектебінің ара пионер вожаты.

БІЗ НЕ ІСТЕП ЖАТЫРМЫЗ

(Вожатыңның іс тәжірибесінен).

Құз таянып қалған кез еді. Мектепте оқу жылы басталуға санаулы-ақ күн қалды. Бірінші рет қызметке келгендіктен бе, жасөспірімдермен қалай қызмет істеймін, балалардың бабын тауып қалай «сауыма қаратам» деп жүрексініп те жүрдім. Колхоз балалары мені сыртымнан біліп қойған сыяқты, көргендері «сапай, амансыз ба?» деп амандасады. «Күні ертең олармен мектепте кездесемін ғой, бұрыныр-ақ таныса берейін» деп мектепке келдім.

Колхоз орталығындағы ең сәулетті, көзге түсетін үй — мектеп үйі. Мұның төңірегі түрлі ағаштармен қоршалған, іші-сырты ақ шағаладай болып сыланған. Тап-таза мөлдірдей айнектері күн көзіне шағылысып жарқылдап, алыстан көз тартады.

Мектебіміз ертеңгі басталғалы отырған оқу жылына дайын, — деді, мектеп директоры, республикаға еңбегі сіңген мұғалім Мұқатов Темір ағай. Ол кісі мені колхоздың, мектептің кейбір пионерлердің жайымен де таныстырып өтті.

Сентябрьдің бірі. Балалар асығып күткен мектебіне ерте жыйналды. Колхоз шаруашылығының әр саласынан келіп бас қосқан пионерлер жайраң қағып, өздерінің жазда бастарынан өткізген қызықты оқыйғаларын асыға сөйлеп, бір-біріне хабарлап жатыр. Бірі егін шаруашылығында, бірі мектеп пен колхоздың бау-бақшасында, тағы біреулері Қаратау қойнауында төл күтуде болған. Барлығыда колхоз шаруашылығының көр-

Кейін баруына, өз мектебінің дәлізінде арты баруы үшін тиісті үлестерін қосқанға ұқсайды.

Барлық жағдаймен де, жеке пионерлермен де жете таныстым. Жасыратыны жоқ, оқушы балалардың түрлі пионермен шұғылдануы ойдағыдай емес екен. Мектеп балаларының жалпы санына қарағанда, пионерлер де көп емес. Газет, журнал, көркем әдебиет кітаптарын оқу, түрлі сауық кештер ұйымдастыру өте қажет екенін пионерлердің өздері айтып берді.

Пионерлердің арасындағы қоғам жұмысын түрлі үйірмелер құрудан бастадым. Ең алдымен мектеп орналасқан колхоздың өмірін зерттейтін, тарих, әдебиет, жас радистер үйірмелерін ұйымдастырдым. Қазіргі тұрған колхозымыз және ондағы мектеп қазақ халқының батыры Аманкелдінің есімімен аталады. Пионерлердің міндеті-осы халық батырының атына сай оқып, Отанына Аманкелдідей қызмет етуді балаларға түсіндіру. Мен бұл жөнінде пионер активіне тапсырма бердім.

Алғашқы күннен-ақ пионерлер үйірмелердің жұмысына белсене қатысып, түрлі талаптар қоя бастады. Мысалы әдебиет үйірмесінде «Қазақстан пионері» мен «Пионер» журналында басылып шыққан әңгімелерді талдап, оған бірлесіп қортынды жасап отырайық деген ұсынысты барлық пионер мақұлдады. Біздің мектеп пионерлерінің көңілін аударған «Пионер» журналында басылған «Асылжан», «Қазақстан пионері» газетінде басылған «Өтірік ауру» тағы сол сыяқты әңгімелер болды.

«Асылжан» әңгімесіндегі колхоздың қарты Танатар мен неміс фашистерінің салған ылаңының салдарынан қыруар жанды үй ішінен айрылған майор Агафонцевтің арасындағы достық оқушы пионерлерге тамаша әсер етті.

Әке-шешесімен бірге мал жайылымында болған пионер Асқар Нұрманқұлов төлдерді қалай күткені туралы звено жыйналыстарында әңгіме жасады. Пионер Мұрбалы Нәдірбеков, Асылбек Нысановтардың баспауымен жас радистер үйірмесі құрылды. Пионерлердің тілегі бойынша «Родина» радиоприемнигі сатылып алынды. Оны мектепке пионерлердің өздері орнатты. Қазір астанамыз Москва мен республика орталығы Алматыдан хабар тыңдап отырмыз. Қолхозшылар да радио хабарын тыңдау үшін мектепке жиі келіп тұрады. Сөйтіп мектебіміз білім ордасы болумен қатар колхоздың үлкен мәдени орталығына айналды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 30 жылдығында жасаған Вячеслав Михайлович Молотов жолдастың баяндамасын, ақша реформасын жүргізу, азық-түлік және өнеркәсіп товарлары карточкаларын жою туралы ССР Одағы Министрлер Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің тарихи қаулыларын да біз радио арқылы естідік. Советтер Одағының

байтақ Жерінің қай тұтанып кетсе де өздерінің жас достары пионерлердің жалынды сөздерін біздің мектептің пионерлері радиодан естиді. Тұрғынбаев Мұздәлі сыяқты пионерлер басқарған звенолар басқаларға үлгі болып, көпшілік — қоғам жұмыстарын жақсы жүргізумен қатар оқу сапасын арттыруда мұғалімдерге де көмектесіп отырады. Мұздәлі сабақты нашар үлгіріп келген Мұрат, Қадияша сыяқты оқушыларды қамқорлығына алып, алдыңғылардың қатарына теңеді.

Быйылғы оқу жылында 30 баланы пионерге өтуге дайындап отырмыз. Мектебімізде сабақ үлгірмейтін бірде-бір бала болмауға тиіс. Пионер жұмысының барлық таруында осы мақсатқа сай етіп ұйымдастырамыз.

Қ. НЫСАНОВА.

Түлкібас ауданы, Аманкелді атындағы орталау мектептің аға пионер вожатыйы.



Алматы, 56 санды ербалалар мектебінің оқушылары Әлшан Оразов, Коля Егоров және Әділбек Абдыбаевтар Максим Горький атындағы мәдени паркте шаптымен серуендеп жүр.



Қазақстан пионері газетінің 1500 саны

Балалар, өткен жылғы 11-декабрьде республикалық «Қазақстан пионері» газетінің 1500-саны шықты. Бұрын «Пионер» және «Октябрь балалары» аталған, қазіргі «Қазақстан пионерінің» тұңғыш саны 1930 жылғы 14-мартта шықты. Ол күн бүкіл республика балалары үшін өте қуанышты күн болды.

Жылдар өтіп жатты. Біздің республикамызда көптеген жаңа мектеп салынды, балалар тегіс оқуға тартылды. Сонымен қатар біздің сүйікті досымыз, туысқан газетіміз «Қазақстан пионері» газетінің де оқушыларының саны көбейе берді. Біздің журналымыздың жас тілшілері — сендер сыяқты, мұның да жүздеген тілшілері газет ісіне белсене қатысып, оның көркем болып шығуына көмектесті.

1930 жылы біздің республикамызда жақпай мәдениет аттанысы басталған еді. Партиямыз бен үкметіміз қазақ халқының толық сауаттандыру мақсатымен жаңадан мектептер ашып, ел арасына оқытушылар жіберді. Халық ағарту-мәдениет ісін өркендету үшін көптеген қаржы босатты.

Міне бұл іске біздің республиканың балалары да үлес қосып, үлкендердің тізімін алысып, олардың оқып сауатын ашу ісіне жәрдемдесті. Ал, бұл істі жақсы ұйымдастыруда «Қазақстан пионері» өзінің оқушы, тілшілерімен күнбе-күн кеңесіп, оларға ақыл айтып отырды.

«Қазақстан пионері» газетінің бұрынғы оқушысы, әрі жас тілшісі Роза Шамжанова колхоздары жас бұзауды қамқорлығына алып, жақсы күтіп өсіргені үшін, үкіметіміз бен партиямыз оны «Хұрмет белгісі» орденімен наградтады.

Бұл газеттің Роза сыяқты жүздеген оқушы-тілшілері Отан соғысы майдандарында өздерін асқан даңққа бөледі.

Советтер Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин, үш орденді аға лейтенант, қазір Абай аудандық партия комитетінің секретары Бәткен Сағындықов, Талды-қорған облыстық (партия) газетінің редакторы Жүсіпбек Алтайбас, даңқты журналист, жалынды жауынгер Баубек Бұлқышев бұрын осы газеттің тілшілері мен қызметкерлері болған.

Мұның бұрынғы тілшілері, қазіргі авторлары Мұқан Иманжанов (Тауұлы) мен Зыяш Қалауованың өлең, әңгімелерін республикамыздың оқушы жастары сүйіп оқыйды.

Міне, «Қазақстан пионері» газеті өзінің оқушы тілшілерінен осындай адамдарды тәрбиелеп өсірді. Ал, оларды бүкіл республикамыз мақтанып етеді.

«Қазақстан пионері» большевиктік баспа сөздің туған баласының бірі болып саналады. Ол өзінің үгітшілік, ұйымдастырушылық міндетін адал атқаруды партия, комсомол газеттерінен үйреніп келеді. Газеттің 1500-санының оның жақын достары «Пионерская правда», «Ленинские искры» (Ленинград) «Ленин ұшқыны» (Тәшкент), «Қырғызстан пионері» (Фрунзе) газеттері құттықтап, өздерінің достық жалынды сәлемімен, бұдан былай да жемісті жұмыстар істеуіне туысқандық тілек білдірді.

Қазақстан жас пионерлерінің республикалық советі

өзінің құттықтауында «Қазақстан пионері» газетін бұдан былай да пионер жұмысының мазмұнын жақсартуда, жас жеткіншектерімізді совет патриотизмі рухында, Социалистік Отанымызға, халықтардың көсемі Сталин жолдасқа шексіз берілгендік рухта тәрбиелеуде қажырлы қызмет істеуге шақырды.

Бұл біздің оқушыларымыз — сендердің алдарыңызға да қойылатын тілек.

Сендер бүгін жассыңдар, мектеп партасында отырып физиканы, химияны, тарихты, географияны, математиканы, ана тілін оқып, болашақ іске әзірленіп жүрсіндер.

Бүгін ата-аналарымыз орнатып жатқан жаңа қалалар мен шахталарды, завод-фабрикаларды, зәулім мектептер мен сәулетті парктерді одан да әрі өркендете беру ісі өскенде сендерге тапсырылады. Ал, осы үлкен іске әзірленуде «Қазақстан пионері» газеті сендерге үлкен көмек береді, ол сендермен күнбе-күн кеңесіп, ақыл айтып отырады.

Мұның бетінде қызықты әңгімелер, өлеңдер үлкендердің ісі, пионерлер ұйымының тұрмысы, жас өнерпаздардың өмірі, ғылым-техника жаңалығы, түрлі ойындар үнемі басылып отырылады. Тек сендер соларды дұрыс пайдалана білулерің керек.

1500-саны шығумен байланысты «Қазақстан пионері» газетін «Пионер» журналының коллективі де қызу құттықтап, оған өзінің оқушы, тілшілері атынан туысқандық сәлем жолдады. Оның бұдан былай да ұзақ өмір сүріп, жас ұрпақтар үшін игілікті жұмыстар істеуіне тілектес екенін білдірді.

«ҚАЗАҚСТАН ПИОНЕРІНЕ»

Максаты, тілегі бір жақын досым,
Мерекең бұл сыпайы құтты болсын.
Оқушың бүгін кілең бестік баға ап,
Қуансын, асыр салсын, көңілі толсын.

Ардақты, аяулы әрбір әріптері,
Жас бала Ана тілі, Әліппені
Оқыса қандай сүйіп, мейрі қанып,
Оқыйды сондай жақсы көріп сені.

Ұраның: жас пионер, оқы, ер жет,
Ардақты азамат бол — алғыр, өжет!
Сондай-ақ тілегім сол, замандасым,
Өзің де өс, халқыңа әлі көп қызмет ет!

«ПИОНЕР» журналы

ҚЫСҚЫ ӘСКЕРИ — СПОРТ ОЙЫНДАРЫ

Демалыс күндері дружина және отряд жыйындарында әскери—спорт ойындарын өткізуге болады. Бұл ойындар ақ қар мен көк мұздың үстінде өткізіледі. Ойынға бірнеше бала катысады. Ойынды мектептегі физкультура сабағының оқытушысы немесе ара вожатый басқарады. Пионер активі басқарушының көмекшілігі қызметін атқарады.



Басқарушы ойынды бастамас бұрын балаларға ойынның басталу, жүргізілу және аяқталу тәртібін түсіндіреді. Ойынның мақсатын және катысушылардың міндетін айтады. Ойынның жақсы болып өтуі дайындықтың қаншалықты жеткілікті болғанына байланысты. Және ойынды басқарушының ойынды дұрыс жүргізуіне, ойынға катысушылардың ойын ережелерін дұрыс орындауына байланысты.

Қысқы әскери—спорт ойындарының түрі өте көп. Соның бірі—

«ГРАНАТА ЛАҚТЫРУ». Ақ қардан адамның бейнесі, тапкінің макеті немесе окоп жасалынады. Олар нысана етіліп қойылады. Сонсоң балалар шаңғымен зырлап келе жатып, әлгі нысанара (адамның бейнесіне, тапкінің макетіне) «граната» лақтырады. Гранатаны қардан, мұздан яки ағаштан жасап алуға болады. Нысана мен граната лақтыратын жердің арасы 15—25 метрдей болуы керек.

«ІЗШІЛДЕР» де қысқы әскери—спорт ойынының бір түрі. Бұл ойынға катысушылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топтағы балалар «қаланы» айнала қоршап тұрады. (Қалың шыққан бұтаны немесе кішкене төбешікті шартты түрде «кала» деп алуға болады). Олардың арасынан күзетшілер тағайындалады. Олар «кала» мен «қаланы» қоршап тұрған пионерлердің арасын (150 метрдей жері) күзетіп жүреді.

Ал, екінші топтағы пионерлер «қаланы» қоршап тұрған топтың сыртында жүреді. Олар күзетшілердің арасымен қалаға кіруге тырысады. Бұлардың барлығының да қолдарында ұстаған үшкір басты таяғы болады. Бірақ біреуінің таяғының басы үшкір болмай жұмыр басты болып келеді. Мұның таяғының ізі басқа балалардың таяғының ізінен қарға өзгеше (жалпақ) болып түседі.

«Қаланы» күзетіп тұрған I—топтың пионерлері II—топтың 1, 2, 3 және 4 пионерлерін қарсылықсыз «қалаға» жібере береді. Бірақ әлгі жұмыр басты таяқтың қарға түскен ізін көріп қойып, ол таяқты ұстаған баланы «қалаға» жеткізбей ұстауға тырысады. Ол баланы ең кем дегенде екі күзетші бірден келіп ұстаса ғана, ұстауға правосы бар.

Ойында жұмыр басты таяқ ұстаған баланы «қалаға» жеткізбей ұстаған күзетшілер командаласы жеңеді. Немесе әлгі баланы білдірмей «қалаға» жасырын өткізіп жіберген звено жеңеді.

«ЖАСЫРЫНҒАН ЖАЛАУ». Екі —үш шаңғышы жалау алып, басқалардан бөлініп ұзап кетеді. Олардың баратын жерін күні бұрын басқарушы белгілейді. Арада 5—10 минут өткен соң, басқа шаңғышылар да әлгі үш баланың ізімен алға жылжыйты.

Үш шаңғышының міндеті: көпшіліктен ұзап, оларды аластырып кету және іздерін жасыра жүріп, ағаштың басына, бұтаның арасына немесе ұраның ішіне жалауды жақсылап жасыру болады. Ал, осы үш шаңғышының ізімен жүріп келе жатқан балалардың міндеті: қалайда жасырынған жалауды табу болады.

Жалауды тапқан бала оны ойынды басқарушыға әкеліп береді де, өзі жалауды жасыруға право алады.

«МӘЛІМЕТ». Ойынға катысушылар бірнеше звеноға бөлінеді. Әрбір звеноға белгілі бір маршрут беріледі. Әрбір звеноға берілген маршруттың қашықтығы бірдей болады. Ойынды басқарушының сигналы бойынша, әрбір звено берілген маршрут бойынша жүреді. Әрбір звеноның міндеті: ешбір адамды орта жолда қалдырмай, түгелімен жылдам қайтып оралу. Және жолшыбай көрген—білген заттарды (ориентирлерді) еске сақтап қалу болады.

Қайтып келген соң звеноларға мәлімет жасау үшін 5 минут уақыт беріледі. Олар осы 5 минуттың ішінде жолшыбай көрген—білгендерін мәліметке толық және дұрыс түсіруге тиіс. Ойында ең жылдам қайтып оралған және мәліметті әрі толық, әрі дұрыс жасаған звено озып шыққан болып саналады.

В. М. ЗИМИН,



„БАҒЫНБАҒАНДАР“

— Мә, Ленька, лақтыр! Лақтыр, балам, лақтыр, мен оларды автоматпен атайын.

Ленька көзін жұмып, гранатаны немістердің машиналарының ортасына қарай лақтырып жіберді. Гранатаның жарылған дауысы, оның ізінше айқай, у-шу, ыңырсыған дауыстар, беталды атылған мылтықтың дауыстары естіле бастады.

Бұл үзіндіде Дон бойындағы Каменный Брод қаласын өртеп қашып бара жатқан немістерге қарсы ұрыс жүргізіп жүрген Тарас Яценко қарт пен оның немересі Леньканың ерлік ісі спатталып отыр. Олар орыстың белгілі жазушысы Борис Горбатовтың «Бағынбағандар» («Непокоренные») деген кітабының қаһармандары. «Бағынбағандар» жуырда қазақ тіліне аударылып басылып шықты. Кітапты аударған Х. Ахметов.

Жазушының бағынбағандар деп отырғаны Отан соғысының алғашқы жылдарында қаланы немістер басып алғанда, олардың үстемдігіне бас имеген Тарас Яценконың семьясы және сол сыяқты қайтпас жігерлі отаншылдар. Оларды немістер атып, аса да, ұрып соқса да бағындыра алмайды.

Тарастың Степан, Андрей, Никифор деген ержеткен ұлдары соғыс басталысымен Отан әмірін орындауға аттанған болатын, Үйде Тарас

кіші қызы Настя, келіні Антошина, немерелері Ленька және Маришка

қысқа ғана үкім айтқан. Өзі де немістер үшін еркімен жұмыс істеп көрген емес.

Немістердің аюандық істері халықты ашындырады. Өшпенділігін өршілте түседі. Бірен-саран азғындар болмаса, саналылары партизан отрядына кетеді.


Тарастың үлкен баласы Степан партияның тапсыруы бойынша халық арасында жүріп партизан отрядын ұйымдастырады. Ол күреспен істе шыныққан большевик.

— «Өлім деген жоқ... қорқақтар үшін хауіп бар да, батырлар үшін мәңгілік өшпейтін атақ бар» деген жалынды сөзі халықтың көкейіне қонып жұрт оның сонынан ереді.

Тарастың ортаншы баласы Андрей немістер қолына түсіп, одан ретін тауып қашып үйіне келеді.

Оған Тарас «сен бәрімізді де алдадың: Россияны да, әйелінді де, аппақ сақалыммен мына мені де, менің күткен үмітімді де алдадың» деп Андрейді қатты сөгеді. Семьясы да, Отаны да оның күнәсін кешірмейтіндігін түсінген Андрей қайтадан майданға кетеді де, Сталинград үшін болған ұрыстарда асқан ерліктер көрсетіп үкмет наградасына ие болады.

Бұл кітапта Тарастың семьясының ерлік істері арқылы немістердің зұлымдығына қарсы күрескен әлденеше совет адамдары спатталады.



қалған. Валя деген келіні Степанмен бірге кеткен.

Үйде қалғандардың жұмысқа жарайтындарына:

— Маған қараған тұқым неміске қызмет етпейді, — деп Тарас қарт

„П О Л К Б А Л А С Ы“

Жақында жазушы В. Катаевтың «Полк баласы» деген ұзақ әңгімесі (повесть) қазақша басылып шықты. Аударған С. Омаров.

Повестің қысқаша мазмұны мынадай: Ваня Солицев деген баланың әкесі соғыстың алғашқы кезінде қаза табады. Немістер Ваня тұрған деревняға келіп, сыйырынды бермеді деп баланың шешесін өлтіреді. Ал, әжесі мен кішкене қарындасы аштан өледі. Неміс-фашистер деревняны әетейді. Ваня бас панасыз жетім қалады. Немістер оны ұстап алып, «балалар ауруханасы» дейтін адам төзгісіз суық қораға апарып қамайды, мұнда көп кешікпей-ақ, қышыма қотырға шалдығады. Аздан соң бөртпе сүзек болып ауырады. Жазылған соң көп кешікпей Ваня немістердің «ауруханасынан» қашып құтылады.

Майдан шебінен өтіп, совет әскерлеріне қосылмақшы болады. Осы жолда ол көп бейнет көреді. Әбден



тыйтықтап, сілесі кұрып жатқанда, совет барлаушылары тап келіп, мұны өлімнің аузынан құтқарады.

Енді Ваняның екінші өмірі басталады. Ваняны біздің әскери бәлім тылға жібермеуші болады. Өйткені ол 12-ақ жаста еді. Бірақ, Ваня майданда әскер қатарында қалғысы келетіндігін айтады. Ол екі рет тылға, елге жіберіледі. Екі жолы да ол қашып, қайта майданға келеді.

Сөйтін, ол капитан Енакиев бастаған батарея бөлімінде әскер қатарында қалады. Барлаушы болады. Қапыда немістердің қолына түсіп неше түрлі азапты, қыйыншылықты басынап кешіреді.

Ваня кейіннен Суворов атындағы соғыс мектебіне оқуға жіберіледі.

Повестің құрылысы қызықты. Уақытқа барған сайын дамып, оқушыны жетектеп отырады. Бұл шығарманы әрбір пионер, әрбір жас сүйсініп оқытылдығында дау жоқ.



Адам неше жыл өмір сүре алады?

Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданы, қазақ орта мектебінің оқушысы Хайролла Бапаевтың сұрауына жауап.

Еліміздің атақты ғалымы, академик Богомолец «көрілік деген ауру» деп түсіндірген. Қазір ұзақ өмір сүру мәселесін зерттеу ісімен академик Богомолецтің шәкірттері — совет оқымыстылары ерекше шұғылдануда.

Медицина ғылымы адам 20 — 25 жасқа дейін өсіп толады, деп есептейді. Ал, адамның осы толғаннан кейінгі өмірі ғылымның айтуы бойынша онан 5 — 6 есе ұзақ болуы керек. Сонда адам орта есеппен 150 жыл өмір сүруі тиіс.

Көп жасаған адамдар тарихта жүздеп кездеседі. Жуырда Курскі облысында Мезенкова деген колхозшы әйелдің 115 жасқа толғандығы тойланды. Ал, оның тұңғыш баласы 92 жасқа келіпті. Ол колхозда астықтың сапасын анықтайтын нұсқаушы болып істейді.

Саратов қаласында 1812 жылғы Наполеон жорығына қатысқан Сабен деген француз 133 жасқа келіп өлді. Ағылшын Томас Парр деген адам 125 жасқа келіп өлген және өмір бойы ауыр жұмыстар істеген. Албандық Худие деген кісі 170 жыл жасап, артына 200 ден аса ұрпақ қалдырған. Лондон қаласында Фома Карн деген адам 207 жасқа келіп қайтыс болған.

ССР Одағында 1926 жылғы жүргізілген халық санағы бойынша жүз жастан асқан адамдар Украинада 1117, РСФСРда 1248, Грузияда 1832, ал Абхазияда 3792 болған.

Қазір Абхазияда жүзден асқан адамдардың көркем өнер үйірмесі бар. Олар республиканың түрлі аудандарында ойын сауықтар көрсетіп тұрады.

Айдың бетіндегі дақ не?

Ақмола облысы, Атбасар қаласы, қазақ орта мектебінің оқушысы Қыдырбай Құсниденовтің сұрауына жауап.

Ай бетінде үлкен-үлкен қарауытқан жерлер көрінеді, олардың беті-теп-тегіс. Барлау трубаларымен қараған алғашқы барлаушылар бұл көріністерді теңіз деп атаған. Бірақ кейінгі кезде Ай бетінде ешқандай сұйық заттардың жоқ екендігі әбден анықталды.

Ал, Айдың бетіндегі әлгі қарауытқан жерлер — биік таудың жалдары. Олардың кейбір биік шыңдары 9 километрге дейін барады. Бұл таулар дөңгелек сақыйна тәрізді болып көрінеді. Бұл сақыйна таулар цирк деп аталады. Ай бетінде диаметрі 100 ден 1 километрге дейін келетін цирктер (сақыйна таулар) толып жатыр.

Айда жінішке, терең жарықшақтар да бар. Бұлардың кейбіреулері тау жалдарын, цирктерді кесіп өтеді.

Айға тағы бір тән нәрсе — оның кейбір цирктерінен дөңгелек тарап жарық сәулелер шығады. Бұл сәулелер 5000 километр жерге дейін созылады.

Жоғарыда айтылған көріністердің бәрі де бір кезде Айда жанар тауларының өте көп болғандығын дәлелдейді. Қазіргі таулар, жарықшақтар сол жанар таулардың салдарынан болған құбылыстар. Әйтпесе, Айда судан немесе атмосферадан болған дерлік ешнәрсе де табылған жоқ. Айда атмосфераның барлығы тіпті анықталған да жоқ.

Ребус деген не және қалай жасалады?

Қарағанды облысы, Нұра ауданы, қазақ орта мектебінің оқушысы Алтынбек Исақовтың сұрауына жауап.


Ребус деген сөз латын елінің «рее» (зат) деген сөзінен шыққан.

Ребус — сөздерді түрлі белгілер: сурет, цифр, нота (ән, күй жазуы) арқылы берілген жумбақ. Мысалы, «көріншек тіл алмас» деген сөйлемді ребус арқылы жазу үшін ерін, шек, тіл, алмас суреттерін саламыз.

Бірақ біздің айтайын деген сөзімізге заттардың аттары үнемі сай болып кездесе бермейді. Ондай жерлерде айтатын сөзімізге бір заттың атының бір-екі әрпі сай келсе, сол заттың суретін саламыз да, керексіз әріптерді үтір белгісімен алып тастаймыз. Мысалы «жау» деген сөзді жазу үшін, ожаудың суретін саламыз да, алдынан бір үтір қоямыз.

Егер сөз құрауға заттың атының ішіндегі әріптердің бірі үйлеспесе, онда сол заттың суретінің жанына

сол үйлеспеген әріпті жазып, үстінен сызып қоямыз да, оның жанына керекті әріпті қоямыз. Мысалы, «жаңа» деген сөзді жазу үшін жағаның суретін салып, «ғ» әрпінің үстінен сызып, оның жанына «н» әрпін жазамыз. Ребусте кей заттың суреттері төңкеріліп те салынады.



Қыста ізді қалай айыруға болады?

Балалар, қыста аңдардың ізін айыру өте оңай. Қане, келіндер қыстақтың қаланың сыртына шаңғымен саяхатқа шығайық, ақ қардың бетінен не көрер екенбіз, аң іздерін қалай айыруға болады екен?

Қысқы суық күнде шаңғы қар бетінде ұстараша сырылдайды. Шаңғының ізі артында екі ұзын жол болып қалып отырады. Жүріп келе жатқан ағаш арасынан аңдардың мыңдаған ізін байқауға болады.

Міне, мына бір кішкене төбешіктің үстінде қояндардың ойнақ салған орны жатыр. Олар ойыны қанған соң таяу тұрған орман ішіне кеткенге ұқсайды. Мұнымен қатар сол жердегі қамысқа жайылған тау ешкінің ізі жатыр. Кейбір жерлерде кішкентай-кішкентай тышқандардың ізі де бар. Өне ап-анық болып жаңа ғана жүрген ақтышқанның да ізі жатыр.


Қане, балалар, осыларды байқап көрейік!

Ақтышқан асықтастан қырдан ойға түсіпті. Оның басқан ізі тайға басқан таңбадай болып түскен көрінеді. Ақтышқан екі жерге тоқтапты. Екі артқы аяғының ізі ап-айқын. Мұз үстінде оның жіңішке құйрығының таң-

басы жатыр. Ол жан-жағына қарап алыпты да, ілгері қарай кетіпті.

Аю ақ қарға омбылап келіп, ағаш арасына кіріпті. Ол әзірге ағаш арасынан шөп тасыған жолға әлі шыққан жоқ тәрізді, қайтқан ізі жоқ.

Сен бір ізді қуып келе жатып айрылып қалдың дейік. Ол із бір өзеннің жағасына барған еді. Енді сен өзеннен қырға шығып, ізді қайта кесуің керек.



Із табылды делік, таяудағы көпір астына шашылған жоңышқаға соғыпты. Муз үстіне түскен тышқанның жыпырлаған іздеріне қарағанда, олар бүгін түнде осы жоңышқамен тамақтанғанға ұқсайды. Сол жерде оларға ақтышқан тап болыпты, ол көпір үстінен жерге секіріп түсіпті. Ал, шөп арасындағы қан, ағашқа жабысқан жүн ақтышқанның жолы болғандығын аңғартады. Бұдан кейін ақтышқан бұта-бұтаның арасымен көп уақыт жүгіріп ойнапты. Кейбір жерлер-

де ол қардан ұзын із қалдырды. Сөйтіп сол қардан қазған інінің астымен жүріпті. Сонымен ақ қар бұл жерде түнде не болғанын тегіс ашып береді. Кей жерде кесілген ағаштың түбіріне шығып, кейде шұңқырға түсіп ойнағаны, артқы екі табанымен отырғаны, кейбір жерді, қарды терең етіп қазғаны — бәрі белгілі болып жатыр.

Ол ағаш арасында өліп жатқан бір аңға тап болды. Ақтышқан оны аяғымен таптап өтті, бірақ жеген жоқ. Мұны тек аштан кез болған жыртқыш аң ғана жейтін жемтік еді.

Міне, біз ақтышқанның қысқы мекені — қазған інге кез болдық. Оның іні ағаш түбірінің түбінде екен. Мұның інінің көп бұрма-бұрмасы жоқ, түзу қазылған көрінеді. Шыға берсінде із де жоқ.

Балалар, ендігі сонар күні өздерің далаға шығып байқандар! Ақ қарда жүрген аңның ізінің барлығы айқын көрініп жатады.

Қар кітабын оқу өте қызық. Түнгі іздер: қоянның, ақтышқанның, күзенің, тышқанның және басқа ірілі-ұсақты аңдардың түнгі саяхаттарын аңғартады. Ізді тауып алындар да, сол жермен кезген аңды тапқанша ізбен жүріп отырындар

Балалар, ізшілдік жөнінде сұрауларың болса, біздің редакцияға жазып жіберіндер. Біз жауап қайтарамыз.

М. ЗВЕРЕВ.

М А З М У Н Ы

С. Сейтов — Партбилет (такпақ өлең)	Ж. Тұрбеков — Қысқы сөруенде (өлең)	15
Б. Адамбаев — Жаңа жыл қонағы (өлең)	Ж. Өмірбеков — Бесжылдықтың ері екен (өлең)	16
И. Дебрин — Аңшылық (Ленин туралы әңгіме)	Пионер ұйымының жұмысын жақсарту туралы	17
Ж. Ахметов — Ұлы адам (өлең)	В. И. Колыш — Сүйсінерлік іс	18
Қ. Аманжолов — Лениннің өлімі (өлең)	Біздің почта	20
М. Тауұлы, Қ. Елемесов — Адам туралы аңыз (әңгіме)	«Қазақстан пионері» газетінің 1500 саны шықты	21
С. Михалков — Үйіне қайтарылсын! (пьеса, үзінді)	В. М. Зимин — Қысқы әскери-спорт ойындары	22
К. Меңдібаев — Дружина туы және отряд жалауы	Мына кітаптарды оқындар	23
К. Бекхожин — Негр Джемс (баллада)	Білгім келеді	24
З. Қабдолов — Қыс (өлең)	М. Зверев — Қыста ізді қалай айыруға болады	24
	Детекторлы радио	1

Мукабаның 1 және 4-беттеріндегі суреттерді жасаған суретші В. Нестеров.

Редколлегия мүшелері: Т. Абдрахманов (жауапты редактор), Н. Ахмедова, Ә. Бектұров, Қ. Борамбаев, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Сытдыков, А. М. Черкасский.
Тех. редактор А. К. Доморошин.

Редакцияның адресі: г. Алма-Ата, проспект Сталина 73, Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 31.1.1948 г.

УГО.673

Объем 3 п. л.

Тираж 10.000

Гостипография № 3, Управления полиграфии и издательств при Совете Министров КазССР
гор. Алма-Ата, Проспект Ленина 2, Заказ № 25


№ 465339

ДЕТЕКТОРЛЫ РАДИО ҚАБЫЛДАҒЫШ

Радио қабылдағыштың түрі өте көп. Ал, сол радио қабылдағыштардың оқушылар қолдан жасап пайдалануға болатын түрі де бар. Оны детекторлы радио қабылдағыш деп атаймыз. Детекторлы радио қабылдағыштың барлық бөлшектерін қолдан істеуге болады.


Бұл радио қабылдағышты жасау үшін диаметрі 0,3 я 0,4 миллиметрлік сым, бөлшектерді байлауыстыратын, сыртынан орайтын диаметрі 0,8 — 1 миллиметрлік сым, жұқа алюмин немесе қалайы (бұл екеуінің орнына конфеттің я шоколадтың қалайы жалатқан қағазы) қолдануға да болады. Бұлардан басқа мұнайдан жасаған ақ май немесе воск (майдың бір түрі) жұқа тақтай, қалың қағаз (картон), жез сыяқты сары металл, қаңылтыр, болат сым және ағаш желімі керек.

Бірінші суретте қабылдағыштың схемасы, бөлшектерінің шартты белгілері көрсетілген. Детектор дегеніміз — электр қуатын бір бағытқа жіберіп, екінші бағытқа жібермейтін құрал. Оны серіппелі болат сым мен



кристалдан жасап, тарелкеге орнатылады. Бұл қабылдағыштың негізгі бөлшегінің бірі — катушка (л) мен конденсатор (к) тұратын қабылдағыш контур. Бұл контурге детектор (д) мен телефон (т) тұратын детектор

тізбегі жалғасады. Ал, конденсатор — екі арасы изолятормен бөлінген екі өткізгіштен тұратын құрал. Ол өзінің бойына электр қуатын жыйнау қызметін атқарады.



Катушка жасау үшін алдымен қатты қағаздың жұқалауынан цилиндр істеледі. Цилиндрдің диаметрі — 60, биіктігі — 120 миллиметр болсын. Ол қарқас деп аталады. Сол қарқастың сыртынан 240 рет изоляцияланған сым оралады, ол сымның диаметрі — 0,15 — 0,20 миллиметр болады. Егер мұндай сым табылмаса, онда бұдан жуан, диаметрі 0,25 — 0,40 миллиметрлік сымды пайдалануға да болады. Бұл сым эмаль, жай мата яки жібекпен оралады. Цилиндрді әрбір 20 — 25 рет орағаннан кейін сым дұзак түрінде бос қалдырылады, бірақ катушкаға жақын жерін бекітіп қойған дұрыс. Дұзак түрінде бос қалып отырған сымның ұзындығы 150 миллиметр болады.

Міне, катушка дайын дейік. Енді радио қабылдағышты құрастыруға кірісеміз. Биіктігі де, көлденеңі де 150 миллиметрдей жұқа, жұмсақ тақтай (үйеңкі) дайындап аламыз. Оның үстіне екінші суретте көрсетілгендей винт орнатамыз. Олармен антеннаны және жерді қабылдағышпен байла-

ныстырдық. Антенна — А, жерге түйісетін тұсын — 3 мен белгілеп алады. А мен 3 ны қаңылтырдап істелген тұтқа жалғастырып тұрады. Дыбысты естіртетін екі пар ұя болады. Ол детектор мен телефон бөліміне керек. Әрбір ұяның арасы 20 миллиметр болсын. Жылжымалы тұтқаны «П» әрпімен таңбалайық. Радио қабылдағыштың бөлшектерін орып-орнына қойып болғаннан кейін, оның барлық бөлшектерін жуандыры 0,5—0,8 миллиметрлік изоляцияланған мыс сыммен жалғастырамыз. Ал, ол сымның түйіскен жерін ықтыяттап тазалап, сымдарды балқытып, берік етіп жалғастыру керек. Сымдардың қосылысқан жері тоттанбау үшін қарағай шәйірін жаққан дұрыс. Конденсатордың сыйымдылығы 100 — 250 микромикрофарад болсын. Ал телефон нүктесіне қуаттық аумағы 1000 — 1500 микромикрофарадтық конденсатор қойылады. Жылжымалы тұтқаның ұзындығындай шеңбердің сыртынан контакт орнатылсын. Контакттардың арасының алыстығы 4 — 5 миллиметр болады. Осы контактаның бойымен айналмалы тұтқа сырғып жылжып тұрады. Енді, антеннаны және жерге түйісетін бөлшегін біріне-бірі тиістіріп болған соң, оған қабылдағышты орнатамыз. Одан кейін детектор мен телефонды қабылдағыштың ұясы деп аталатын орынға орнатамыз. Содан кейін тыңдап көреміз. Дыбыс естілсе яғни бір радиостанцияның хабарын ұстай алсақ, онда қабылдағышымыз дұрыс жасалған болып шығады. Қабылдағышпен пайдаланар кезімізде жерге көмілген сым мен антеннаны жалғастырып отырамыз. Ал, назаттайлы күнде мұндай қабылдағышты пайдалануға болмайды. Ондай күндері жерге көмілген сым мен антеннаны ажыратып қою керек.

А. Нұрманов.



№ 6

9/12 48г.
Кие. Гос. Университет имени Шевченка

Далада, ашық күнде, акша қарда,
Ана сүйіп бетінді қызыл алма.
Қалыспай бәйге атына шаныменен
Сағрандаура жетерлік қызық бар ма.

Шанышы ұлан бүгігі — ертен солдат,
Емен шаңғы жорықта болар ерге ас,
Қай сағарда болса да азырарсың,
Шыңғы: саған болғандай бейне қанат.